Ресеймен шекаралас аумақтағы Прииртыш саласындағы Ертіс өзенінің су сапасы (сапасы 2 клас) «шамалы ластанған» болып сипатталады, СЛИ 1,02 құрайды. Судың ластануы мыстың есебінен екендігі байқалады – 2,5 РШК. Оттек режимі нормасында (10,55 мгО<sub>2</sub>/л).

**Есіл өз.-Долматово с.** (Есіл су шаруашылық бассейні) су сапасы 3 класқа – «шамалы-ластанған» (СЛИ-1,41) жатады. Сонымен бірге, никель – 3,5 РШК, ОБТ<sub>5</sub> 1,3 РШК, мыс пен мырыш бойынша 1,1 РШК мөлшерінде РШК асып түскендігі белгіленген. Оттек режимі нормасында (11,06 мгО<sub>2</sub>/л).

**Тобыл өз. – Милютин с.** (Тобыл – Торғай су шаруашылығы бассейні) су сапасы 3 класқа «шамалы ластанған» болып сипатталады, СЛИ 1,40 құрайды. ШРК асып кету мыс (2,7 РШК), сульфаттар мен нитритті азот 1,8 РШК және мырыш бойынша 1,1 РШК байқалады. Оттек режимі нормасында (10,39 мгО<sub>2</sub>/л).

**Аят – Варварин с.** (Тобыл – Торғай су шаруашылығы бассейні) су сапасы бойынша 3 класқа – «шамалы ластанған» жатады, СЛИ – 1,78, мыс 2,6 РШК, сульфаттар бойынша 1,8 РШК. Оттек режимі нормасында (10,8 мгО<sub>2</sub>/л).

**Тоғызақ өз. –Тоғызақ б.** (Тобыл – Торғай су шаруашылығы бассейні) су сапасы 3 класс «шамалы ластанған» болып сипатталады. Судың ластану индексі 1,78 құрады, РШК асып кету мыс 4,3 РШК, сульфаттар 2,1 РШК, фенолдар 1,5 РШК және мырыш бойынша 1,2 РШК байқалады. Оттек режимі нормасында (10,6 мгО<sub>2</sub>/л).

**Ұбаған** өзенінің су сапасы (Тобыл – Торғай су шаруашылығы бассейні) 3 класпен суы «шамалы ластанған» болып бағаланады. СЛИ 1,69 құрайды. РШК асып кету мыс 4,0 РШК, мырыш 2,5 РШК, сульфаттар бойынша 2,1 РШК байқалады. Оттек режимі (9,0 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Уй** өзенінің су сапасы (Тобыл – Торғай су шаруашылығы бассейні) 4 класпен суы «ластанғана» болып бағаланады. СЛИ 2,76 құрайды. РШК асып кету ОБТ<sub>5</sub> 6,3 РШК; мыс 5,0 РШК; сульфаттар 2,0 РШК және нитритті азот бойынша 1,5 РШК байқалады. Оттек режимі (7,64 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

Ақтөбе облысындағы **Елек өз. – Целинный а.** (Орал–Каспий су шаруашылық бассейні) су сапасы 5 класқа «лас» жатады, СЛИ 4,56 құрайды. Мыстың (13,0 РШК), бордың (6,8 РШК), алты валентті хромның (3,1 РШК), тұзды аммоний бойынша (2,1 РШК) жоғары құрамдары байқалды. Оттек режимі (9,86 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Елек өз. – Чилик с. су сапасы** (Орал–Каспий су шаруашылық бассейні) 3 класқа суы «шамалы ластанған» жатады, СЛИ 1,14 құрайды. РШК асып түсу хром (6+) (1,5 РШК), жалпы темір (1,3 РШК), фенолдар мен хлоридтер бойынша 1,2 РШК мөлшерінде байқалады. Оттек режимі (9,58 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында

**Орал өз. – Январцево а.** суының ластану индексі (Орал – Каспий су шаруашылық бассейні) 0,85 құрайды, бұл 2 клас су «таза» сапасына сәйкес келеді. РШК асып кету хром (1,2 РШК), фенолдар бойынша (1,1 РШК) байқалады. Оттек режимі (10,9 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

Ақтөбе облысындағы **Орь өз.– Бөгетсай с.** (Орал – Каспий су шаруашылық бассейні) су сапасы 6 класқа «өте лас» жатады, СЛИ 6,03 құрайды. Мыс 22,0 РШК, фенолдар 6,0 РШК, мырыш 3,1 РШК, ОБТ 5 2,6 РШК, тұзды аммоний бойынша 1,9 РШК құрамының жоғарлығы байқалады. Оттек режимі (9,58 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

Ақтөбе облысындағы **Үлкен Хобда өз. – Қобда а.** (Орал – Каспий су шаруашылық бассейні) су сапасы 5 класқа «ластанған» жатады, СЛИ 4,60 құрайды. Мыс 19,0 РШК және мырыш бойынша 5,1 РШК құрамының жоғарлығы байқалады. Оттек режимі (6,87 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Шаған өз.- Каменный а.** (Орал – Каспий су шаруашылық бассейні) су сапасы 2 класқа суы «таза» жатады, СЛИ 0,78 құрайды. РШК асып түсу фенолдар бойынша 1,3 РШК байқалған. Оттек режимі (9,5 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Үлкен Өзен өз. – Жалпақтал с.** (Орал – Каспий су шаруашылық бассейні) суының ластану индексі 1,31 құрайды, бұл сульфаттардың 2,3 РШК, жалпы темір 1,8 РШК және фенолдардың 1,3 РШК жоғарғы құрамдылығында 3 класқа «шамалы ластанған» сәйкес келеді.

**Кіші Өзен– Бостандық а.о.** (Орал – Каспий су шаруашылық бассейні) өзенінің ластануы РШК ОБТ<sub>5</sub> 1,7 РШК бойынша фенолдар 1,2 РШК, жалпы темір бойынша 1,3 РШК жоғарлығымен сипатталады.

Судың ластану индексі 1,13 құрады, бұл 3 класқа суы «шамалы ластанған» сәйкес келеді.

**Қиғаш саласы мен Шароновка ағынының** су сапасы (Волга өзенінің бассейні) «таза» (СЛИ=0,82; 0,80) болып сипатталады.

**Қазақстан Республикасы – Өзбекістан Республикасы**

**Сырдария – Көкбұлақ с. өзені** (Арал–Сырдария су шаруашылығы бассейні) су сапасы бойынша 3 класқа «шамалы ластанған» (СЛИ – 2,49) жатады. Мыстың (1,6 РШК) және сульфаттардың жоғарғы құрамы (1,3 РШК) байқалады. Оттек режимі (10,9 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

#### **Қазақстан Республикасы – Қырғызстан Республикасы**

*өзендері Шу – Благовещенск с., Талас – Жасөркен с., Асса – Маймақ т.б., Ақсу – Ақсу а., Тоқташ – Жауғаш батыр а., Қарабалта –Қырғызстанмен шекаралас жерде, Саргоу – Қырғызстанмен шекаралас жерде, Берқара – Абдиқадир а., Қарқара – таудан шыға беріс жерде.*

Берқара, Қарқара өзендері су сапасы бойынша «таза», Қарабалта өзені «ластанған» болып сипатталады. Басқа су объектілері «шамалы ластанған» болып бағаланады.

**Шу – Благовещенск а.о.** (Шу – Талас су шаруашылығы бассейні) өзенінің су сапасы 3 класқа «шамалы ластанған» жатады. СЛИ 1,89 құрады, РШК артуы ОБТ<sub>5</sub> 3,5 РШК, мыс 2,8 РШК, фенолдар 1,3 РШК, нитритті азот 1,9 РШК және жалпы темір бойынша 1,2 РШК байқалады. Оттек режимі (9,67 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Талас өз. – Жасөркен с.** суының ластану индексі 1,43 құрайды, суының сапасы бойынша 3 класқа, суы «шамалы ластанған». Ластану мыстың (2,4 РШК), ОБТ<sub>5</sub> (2,0) РШК, фенолдар (1,4 РШК), жалпы темір (1,1 РШК) есебінен екендігі байқалады. Оттек режимі (9,88 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Асса өз. – Маймақ б.** үшін СЛИ 1,19 құрайды және сапасы 3 клас, суы «шамалы ластанған» жатады. Шекті нормадан асып түсу мыс (2,5 РШК), фенолдар (1,2 РШК), жалпы темір бойынша (1,1 РШК) байқалады. Оттек режимі (9,88 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Ақсу өз. – Ақсу а.** суының ластану индексі 1,90 құрайды және сапасы 3 клас болып сыныпталады, суы «шамалы ластанған». Негізгі ластанулар мыстың 3,2 РШК, сульфаттардың 2,3 РШК, фенолдардың 2,0 РШК, ОБТ<sub>5</sub> 1,8 РШК, фторидтердің 1,5 РШК есебінен болады. Оттек режимі (9,76 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Тоқташ - Жауғаш Батыр а.** (Шу – Талас су шаруашылығы бассейні) өзені 3 класқа «шамалы ластанған» жатады, СЛИ 2,23 құрайды. Ластанулар сульфаттар 3,6 РШК, мыс 3,4 РШК, ОБТ<sub>5</sub> 3,2 РШК, фенолдар 1,4 РШК және жалпы темір бойынша 1,2 РШК байқалады. Оттек режимі (10,0 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Қарабалта- Қырғызстанмен шекаралас жерде** (Шу – Талас су шаруашылығы бассейні) өзені суының сапасы бойынша 4 клас «ластанған» болып сипатталады. Судың ластану индексі 2,85 құрайды, РШК арту сульфаттар – 5,8 РШК, мыс 3,5 РШК, ОБТ<sub>5</sub>

3,4 РШК, фенолдар 2,0 РШК және жалпы темір бойынша 1,8 РШК анықталған. Оттек режимі (10,5 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Берқара** - Абдикадер а. (Шу – Талас су шаруашылығы бассейні) өзені суының сапасы бойынша 2 клас «таза» болып сипатталады. Судың ластану индексі 0,90 құрайды, РШК арту мыс бойынша (1,6 РШК) анықталған. Оттек режимі (9,91 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Саргоу – Қырғызстанмен шекаралас жерде** (Шу – Талас су шаруашылығы бассейні) өзені суының сапасы бойынша 3 клас «шамалы ластанған» болып сипатталады. Судың ластану индексі 2,41 құрайды, РШК арту мыс 3,4 РШК, сульфаттар 4,0 РШК, ОБТ 5 3,0 РШК, фенолдар 2,0 РШК және жалпы темір бойынша 1,5 РШК анықталған. Оттек режимі (10,7 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

**Қарқара – таудан шыға беріс жерде** (Балқаш – Алакөл су шаруашылығы бассейні) өзені СЛИ – 0,86 болатын, мыстың (1,6 РШК) және сульфаттардың (1,3 РШК) жоғарғы құрамдылығымен суының сапасы бойынша 2 клас «таза» болып сипатталады. Оттек режимі (10,9 мгО<sub>2</sub>/л) нормасында.

#### **Қазақстан Республикасы – Қытай Халық Республикасы**

*өзендері Қара Ертіс – Боран а., Іле – Добын ст., Текес – Текес а., Қорғас – Басқұншы а., Емел – Қызылту а..*

Қорғас өзенінің су сапасы «таза», Қара Ертіс, Іле, Текес, Емел өзендерінің «шамалы ластанған» болып сипатталады.

Траншекаралық Қара Ертіс өзенінде **Боран а.** в створе (Ертіс су шаруашылығы бассейні) ҚХР аумағынан құйылатын судың сапасы 2 класқа жатады және «таза» болып сипатталады. СЛИ 1,01 құрайды, РШК арту мыс, жалпы темір, марганец бойынша 1,1-2,2 РШК шегінде анықталған.

**Іле – Добын ст.** өзеніне (Балқаш – Алакөл су шаруашылығы бассейні) ҚХР аумағынан су сапасы бойынша 3 класқа «шамалы ластанған» жататын су құйылады, СЛИ – 1,32. РШК асып түсу мыс – 2,4 РШК, нитритті азот 2,0 РШК, жалпы темір бойынша – 1,5 РШК байқалады. Оттек режимі нормасында (10,7 мгО<sub>2</sub>/л).

**Текес – Текес с.** (Балқаш – Алакөл су шаруашылығы бассейні) өзенінің су сапасы 3 класқа «шамалы ластанған» жатады, СЛИ 1,15 құрайды. РШК асып кету мыс (2,7 РШК) және жалпы темір бойынша (1,3 РШК) байқалады.

**Қорғас – Басқұншы а.** (Балқаш – Алакөл су шаруашылығы бассейні) өзенінің су сапасы 2 класқа «таза» жатады, СЛИ 0,69 құрайды. Мыстың концентрациясының 1,5 РШК мөлшеріндегі артып кетуі байқалады.

**Баянкөл – Баянкөл а.** (Балқаш – Алакөл су шаруашылығы бассейні) өзенінің су сапасы 2 класқа «таза» жатады, СЛИ 0,9 құрайды. Мыстың концентрациясының 2,0 РШК мөлшеріндегі артып кетуі байқалады.

**Емел – Қызылту а.** (Балқаш – Алакөл су шаруашылығы бассейні) өзенінің су сапасының талдау нәтижесі бойынша 3 класқа «шамалы ластанған» жататындығын көрсетті. Судың ластану индексі 1,41 құрайды. РШК артуы тұзды аммоний 3,2 РШК, сульфаттар 2,1 РШК, мыс 1,4 РШК және марганец бойынша 1,1 РШК анықталған.

2012 жылмен салыстырғанда трансшекаралық өзендердің сапасында келесідей өзгерістер байқалады:

- трансшекаралық Іле (Добын ст.), Есіл (Долматово с.), Тобыл (Милютин с.), Аят өз. (Варварин с.), Тоғызақ (Тоғызақ б.), Текес (Текес а.), Қорғас (Басқұншы а.), Емел өз. (Қызылту а.), Сырдария өз. (Көкбұлақ с.), Талас өз. (Жасөркен с.), Асса (Маймақ б.), Ақсу (Ақсу а.), Тоқташ (Жауғаш Батыр с.), Берқара (Абдикадир с.), Орал (Январцево а.), Үлкен Өзен өз. (Жалпақтал а.), Кіші Өзен өз. (Бостандық а.о.), Қиғаш (Котяевка с.), Шароновка ағыны (Гонюшкино с.), Қарабалта (Қырғызстанмен шекаралас жерде), Шаған өз. (Каменный а.) өзендер сапасының жағдайы – айтарлықтай өзгермеген;

- Ертіс (Прииртыш с.), Уй (Үй с.), Елек өз. (Чилик а.), Орь (Бөгетсай с.), Елек (Целинный а.), Қара Ертіс (Боран а.), Үлкен Хобда (Қобда а.) өзендер сапасының жағдайы – нашарлаған;

- Шу (Благовещенск с.), Ұбаған (Ақсуат а.), Баянкөл (Баянкөл с.), Қарқара (таудан шыға беріс жерде), Саргоу (Қырғызстанмен шекаралас жерде) өзендер сапасының жағдайы – жақсарған.

### 5.9 Кесте

Трансшекаралық ағынды сулар бойынша жер үсті сулар сапасының 2013 жылғы гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша жағдайы:

Өзен, бекет атаулары	СЛИ		Су сапасы мен ингредиенттерінің көрсеткіштері	Орта шоғырлану, мг/л	РШК-ның асу еселігі
	2012 жыл	2013 жыл			
Қара Ертіс өз. (ШҚО)	0,88 (2 кл.) Таза	1,01 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Марганец Жалпы темір Мырыш	10,7 1,77 0,0022 0,011 0,11 0,005	0,6 0,6 2,2 1,1 1,1 0,5
Ертіс өз.- Прииртышское а.	0,75 (2 кл.) таза	1,02 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттек БПК <sub>5</sub> Тұзды аммоний Мыс Мұнай өнімдері Жалпы темір	10,55 1,87 0,26 0,0025 0,050 0,09	0,6 0,6 0,5 2,5 1, 0,9

Өзен, бекет атаулары	СЛИ		Су сапасы мен ингредиенттерінің көрсеткіштері	Орта шоғырлану, мг/л	РШК-ның асу еселігі
	2012 жыл	2013 жыл			
Есіл өз.– Долматово а.	1,13 (3 кл шамалы ластанған)	1,41 (3 кл) шамалы Ластанған	Оттек ОБТ <sub>5</sub> Никель Сульфаттар Мыс Мырыш	11,06 2,65 0,0346 91,3 0,0011 0,0110	0,5 1,3 3,5 0,9 1,1 1,1
Тобыл өз.- Милютинка а.	1,63(3 кл шамалы ластанған)	1,40 (3 кл) шамалы ластанған	Оттек ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Нитритті азот Мыс Мырыш	10,39 1,21 183,2 0,036 0,003 0,011	0,6 0,4 1,8 1,8 2,7 1,1
Аят өз. – Варварин с.	1,10 (3 кл.) шамалы ластанған	1,78 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Тұзды аммоний Мыс Фторидтер	10,8 2,2 181,0 0,36 0,0026 0,5	0,5 0,7 1,8 0,7 2,6 0,7
Тоғызқаз өз. - Тоғызқаз б.	1,42 (3 кл.) шамалы ластанған	1,78 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Мыс Мырыш Фенолдар	10,6 3,0 212,9 0,0043 0,012 0,0015	0,6 1,0 2,1 4,3 1,2 1,5
р. Обаған - Ақсуат с.	2,88 (4 кл.) ластанған	1,69 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Хлоридтер Мыс Мырыш	9,0 0,7 205,6 205,9 0,004 0,025	0,7 0,2 2,1 0,7 4,0 2,5
Уй өз. – Уй с.	1,79 (3 кл.) шамалы ластанған	2,76 (4 кл.) ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Нитритті азот Мыс Мырыш	7,64 6,29 198,4 0,03 0,005 0,01	0,8 6,3 2,0 1,5 5,0 1,0
Іле өз.– Добын ст.	1,36 (3 кл.) шамалы ластанған	1,32 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Нитритті азот Жалпы темір Мыс	10,7 1,26 101,0 0,04 0,15 0,0024	0,6 0,4 1,0 2,0 1,5 2,4
Текес өз. – Текес а.	1,19 (3 кл.) шамалы ластанған	1,15 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Марганец Мыс Фенолдар Жалпы темір	11,2 1,19 0,0092 0,0027 0,001 0,14	0,5 0,4 0,9 2,7 1,0 1,3

Өзен, бекет атаулары	СЛИ		Су сапасы мен ингредиенттерінің көрсеткіштері	Орта шоғырлану, мг/л	РШК-ның асу еселігі
	2012 жыл	2013 жыл			
Қорғас өз. - Басқұншы а.	0,95 (2 кл.) Таза	0,69 (2 кл.) Таза	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Жалпы темір Мыс Марганец Фторидтер	10,5 1,46 0,05 0,0015 0,0063 0,36	0,6 0,5 0,5 1,5 0,6 0,5
Баянкөл өз.- Баянкөл а.	1,34 (3 кл.) шамалы ластанған	0,9 (2 кл.) таза	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Фторидтер Марганец Жалпы темір	11,1 1,71 0,002 0,55 0,0087 0,06	0,5 0,6 2,0 0,7 0,9 0,6
Емел өз.- Қызылту с.	1,81 (3 кл.) шамалы ластанған	1,48 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Тұзды аммоний Сульфаттар Мыс Марганец	8,61 1,19 1,61 209,0 0,0014 0,011	0,7 0,4 3,2 2,1 1,4 1,1
Қарқара өз. - таудан шыға беріс жерде	1,02 (3 кл.) шамалы ластанған	0,86(2 кл.) таза	Оттек ОБТ <sub>5</sub> Мыс Марганец Сульфаттар Жалпы темір	10,9 1,20 0,00158 0,0091 126 0,50	0,6 0,4 1,6 0,9 1,3 0,5
Сырдария өз. - Көкбұлақ с.	2,38 (3 кл.) шамалы ластанған	2,49 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Нитритті азот Мыс Фенолдар	9,80 1,41 517,0 0,054 0,003 0,003	0,6 0,5 5,2 2,7 3,0 3,0
Шу өз.– Благовещенск с.	2,56 (4 кл.) ластанған	1,89 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Жалпы темір Фенолдар Нитритті азот	9,67 7,06 0,0028 0,12 0,0013 0,037	0,6 3,5 2,8 1,2 1,3 1,9
Талас өз. - Жасөркен с.	1,32 (3 кл.) шамалы ластанған	1,43 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттек ОБТ <sub>5</sub> Мыс Жалпы темір Фенолдар Мұнай өнімдері	9,88 4,07 0,0024 0,11 0,0014 0,05	0,6 2,0 2,4 1,1 1,4 1,0
Асса өз. - Маймақ б.	1,46 (3 кл.) шамалы ластанған	1,19 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Жалпы темір Фенолдар Мұнай өнімдері	9,88 2,11 0,0025 0,11 0,0012 0,05	0,6 0,7 2,5 1,1 1,2 1,0

Өзен, бекет атаулары	СЛИ		Су сапасы мен ингредиенттерінің көрсеткіштері	Орта шоғырлану, мг/л	РШК-ның асу еселігі
	2012 жыл	2013 жыл			
Ақсу өз. - Ақсу а.	1,93 (3 кл.) шамалы ластанған	1,90 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Сульфаттар Фторидтер Фенолдар	9,76 3,63 0,0032 228,0 1,10 0,002	0,6 1,8 3,2 2,3 1,5 2,0
Тоқташ өз. - Жауғаш Батыр а.	2,29 (3 кл.) шамалы ластанған	2,23 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Сульфаттар Фенолдар Жалпы темір	10,0 6,34 0,0034 357,0 0,0014 0,12	0,6 3,2 3,4 3,6 1,4 1,2
Қарабалта өз.- Қырғызстанмен шекаралас жерде	2,87 (4кл.) ластанған	2,85 (4кл.) ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Сульфаттар Фенолдар Жалпы темір	10,5 6,8 0,0035 584,0 0,002 0,18	0,6 3,4 3,5 5,8 2,0 1,8
Берқара өз. – Абдикадер а.	0,82 (2 кл.) Таза	0,90 (2 кл.) Таза	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Жалпы темір Фенолдар Мұнай өнімдері	9,91 1,83 0,0016 0,08 0,001 0,04	0,6 0,6 1,6 0,8 1,0 0,8
Саргоу өз.- Қырғызстанмен шекаралас жерде	3,22(4кл.) ластанған	2,41 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Мыс Сульфаттар Фенолдар Жалпы темір	10,7 5,97 0,0034 402,0 0,002 0,15	0,6 3,0 3,4 4,0 2,0 1,5
Елек өз. - Целинный а.	3,32 (4 кл.) ластанған	4,56 (5 кл.) лас)	ОБТ <sub>5</sub> Оттек Тұзды аммоний Хром (6+) Мыс Бор	3,46 9,86 1,059 0,061 0,013 0,116	1,7 0,6 2,1 3,1 13,0 6,8
Елек өз. - Чилик а.	1,00 (2кл.) Таза	1,14 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Хлоридтер Хром (6+) Фенолдар Жалпы темір	9,58 2,92 354,1 0,03 0,0012 0,13	0,6 1,0 1,2 1,5 1,2 1,3
Орал өз. - Январцево а.	0,89(2кл.) таза)	0,85 (2 кл.) таза)	Оттек ОБТ <sub>5</sub> Нитритті азот Хром 6+ Фенолдар Жалпы темір	10,9 1,60 0,015 0,024 0,0011 0,095	0,6 0,5 0,8 1,2 1,1 1,0
Орь өз. – Бөгетсай с.	1,99 (3кл.) шамалы ластанған	6,03 (6кл.) өтелас	ОБТ <sub>5</sub> Оттегі ерітіндісі Мырыш Фенолдар Тұзды аммоний	5,14 9,58 0,031 0,006 0,94	2,6 0,6 3,1 6,0 1,9



Өзен, бекет атаулары	СЛИ		Су сапасы мен ингредиенттерінің көрсеткіштері	Орта шоғырлану, мг/л	РШК-ның асу еселігі
	2012 жыл	2013 жыл			
			Мыс	0,022	22,0
Үлкен Хобда өз.- Қобда а.	3,24 (4 кл.) ластанған	4,60 (5 кл.) лас	ОБТ <sub>5</sub> Оттегі ерітіндісі Жалпы темір Мырыш Фенолдар Мыс	1,80 6,87 0,10 0,051 0,001 0,019	0,6 0,9 1,0 5,1 1,0 19,0
Шаған өз.- Каменный а.	0,76 (2 кл таза)	0,78(2 кл таза)	Оттек ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Нитритті азот Фенолдар Жалпы темір	9,5 1,7 51,0 0,015 0,0013 0,09	0,6 0,6 0,5 0,8 1,3 0,9
Үлкен Өзен өз.- Жалпақтал а.	1,46 (3 кл.) шамалы ластанған	1,31 (3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Сульфаттар Хром (6+) Фенолдар Жалпы темір	9,58 2,86 694,4 0,018 0,0013 0,18	0,6 0,9 2,3 0,9 1,3 1,8
Кіші Өзен өз.- Бостандық а.о.	1,29(3 кл.) шамалы ластанған	1,13(3 кл.) шамалы ластанған	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Хлоридтер Хром (6+) Фенолдар Жалпы темір	9,80 3,49 314,0 0,016 0,0012 0,13	0,6 1,7 1,0 0,8 1,2 1,3
Қиғаш өз.- Котяевка с.	0,83 (2 кл.) таза	0,82 (2 кл.) таза	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Нитритті азот Мыс Мырыш Фенолдар	8,9 2,5 0,016 0,0009 0,008 0,0009	0,7 0,8 0,8 0,9 0,8 0,9
Шароновка ағыны- Гонюшкино с.	0,79(2 кл.) таза	0,80 (2 кл.) таза	Оттегі ерітіндісі ОБТ <sub>5</sub> Нитритті азот Мыс Мырыш Фенолдар	8,8 2,5 0,018 0,0008 0,008 0,0008	0,7 0,8 0,9 0,8 0,8 0,8

### **3. ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ ТАРАПТАРЫНЫҢ ШЕШІМДЕР ЖИНАҒЫ**

Трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ Конвенциясының іс-әрекеті кезеңінде Тараптардың 6 отырысы өткізілді.

1998 жылдың 18-19 мамырында Осло (Норвегия) қаласында өткен Конвенция тараптарының Бірінші отырысында Ослодағы Министрлердің Өтініші қабылданды.

Өздерінің өтініштерінде Министрлер БҰҰ ЕЭК елдерін трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ Конвенциясына қосылуға екі жақты және көп жақты келісім шарттар әзірлеуге, Конвенция ережелеріне сай субаймақтық дәрежеде қызметтерді дамытуға шақырды. Конвенцияның бірінші отырысында Конвенцияның жаңа құжаттары қарастырылып, мақұлданды:

- I/1 шешім Конвенция Тараптарының отырысын өткізу рәсімінің ережесін бекіту туралы;
- I/2 шешім Конвенцияны жүзеге асыру тетігін бекіту және Конвенцияны жүзеге асыруда көмектесу және жұмыс жоспарын реттеу үшін қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша жұмыс тобы- қосалқы органын құру туралы;
- I/3 шешім Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы Конвенцияның 3 бабына сәйкес хабарлау мақсатында Тараптардың байланыс пункттері және қайта қаралған байланыс пункттері туралы ақпаратты ұсыну туралы;
- I/4 шешім Конвенцияның 3 бабына сәйкес хабарлама нысанын бекіту туралы;
- I/5 шешім ҚОӘБ бойынша мәліметтер базасын құру туралы;
- I/6 шешім 1998-2000 жылдар кезеңіне жұмыс жоспарын бекіту туралы;
- I/7 шешім Өтпелі экономикасы бар елдерге қаржылық көмек;
- I/8 шешім Тараптардың екінші отырысы кезеңіне дейін бюджеттік және қаржылық шаралар.

Трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ бойынша Конвенция Тараптарының Екінші Отырысы Конвенцияға қол қойғаннан 10 жылдан кейін 2001 жылдың ақпан айында Болгарияда өтті. Отырыс Конвенцияға сәйкес міндеттерді орындау шолуды дайындау мақсатында Жүзеге асыру Комитетін ұйымдастырды.

Сонымен қатар Тараптар отырысы министрлердің «Еуропа үшін қоршаған орта» бесінші Конференциясында (Киев, Украина, 2003 жыл мамыр) бекіту мақсатында стратегиялық экологиялық бағалау хаттамасын дайындау үшін Жұмыс тобын ұйымдастырды. Отырыста Конвенцияны жүзеге асырумен байланысты тәжірибені жан-

жақты шолуға дайындау шешімдері, және де үшінші отырыс үшін түзетулерді енгізу шешімдері қабылданды.

Тараптар Отырысы 2001-2003 жылдарға жұмыс жоспарын бекітіп, Конвенцияға бірінші түзетулерін енгізді. Бұл БҰҰ мүше басқа елдерге Тараптар Отырысын мақұлдағаннан кейін Конвенция Тараптары болуға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, тараптардың Екінші отырысында екі жақты және көп жақты келісім шарттар бойынша шешімдер қабылданып, Конвенция тараптарымен практикалық қолданысқа шолу жасалынды.

Конвенция тараптарының отырысында келесі шешімдер бекітілді:

- a) II/1 Шешім – Екі тарапты және көп тарапты ынтымақтастық
- b) II/2 Шешім–Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенцияны іс-жүзінде қолдану
- c) II/3 Шешім – Трансшекаралық контекстінде қоршаған ортаға әсерді бағалауда қоғамның қатысуының басты принциптері
- d) II/4 – Сақтауды қарастыру
- e) II/5 Шешім – ҚОӘБ саласындағы соңғы оқиғалар және ЕЭК басқа конвенцияларымен байланыстар
- f) II/6 Шешім –Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың мәліметтер базасы
- g) II/7 Шешім – Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың мәліметтер базасына қосылған тараптық жүйе
- h) II/8 Шешім – Субаймақтық ынтымақтастықты нығайту
- i) II/9 шешім – Стратегиялық экологиялық бағалау
- j) II/10 Шешім – Конвенцияның шолуы
- k) II/11 Шешім – Жұмыс жоспарын бекіту
- l) II/12 Шешім – Өтпелі экономикасы бар елдерге қаржылық көмек
- m) II/13 Шешім – Тараптардың үшінші Отырысына дейінгі мерзімге бюджеттік және қаржылық шаралар
- n) II/14 Шешім – Экспода қабылданған Конвенцияға түзету

*Конвенцияның кезектен тыс отырысы* министрлердің «Еуропа үшін қоршаған орта» Конференциясы шеңберінде 2003 жыл мамырда Киев қаласында (Украина) өтті. Тараптар отырысы трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ Конвенциясына Стратегиялық экологиялық бағалау туралы хаттамасы бір ауыздан қабылдады. Бұл Хаттамада жоспарларды, бағдарламаларды дайындай және қабылдау барысында экологиялық, медико-санитарлық факторларды саясат пен заңнамаға енгізу жолымен орнықты дамуға

ықпал ететін пәнаралық тәсілге екпінделеді. Отырыстағы негізгі баяндамалардың бірімен Қоршаған ортаны қорғау министрі Айткүл Самакова шықты.

Конвенция Тараптарының трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ туралы *Үшінші отырысы* 2004 жылы маусымда Кавтат қаласында (Хорватии) өтті. Онда 2003 жылы мамырда Киевте министрлердің «Еуропа үшін қоршаған орта» Конференциясында қабылданған Стратегиялық экологиялық бағалау Хаттамасына қол қойған Тараптардың бірінші отырысын жүргізу болды. Отырыс Хаттаманы қолдану, субаймақтық ынтымақтастық және қоғамның қатынасы бойынша басшылықты қабылдап, Конвенцияны іске асырудың бірінші шолуының нәтижелерін бекітті. Отырыс сондай-ақ, Тараптардың төртінші отырысына дейінгі кезеңнің жаңа жұмыс жоспарын және бюджетін бекітті. Отырыс трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ шеңберіндегі «қамту шеңберін анықтау» процедуралары енгізілетін, I Қосымшаның Конвенцияға қарастыру және кеңейтуді қарастыратын, құқықтық базаны жетілдіруге мүмкіндік беретін Конвенцияға айқындауыштар қатарын енгізу тәсілдерімен Конвенцияға түзетулер енгізді және Кавтат декларациясын қабылдады.

Тараптардың отырысында келесі шешімдер қабылданды:

- a) III/1 шешім - Конвенцияның жүзеге асырылуын қарастыру
- b) III/2 шешім - Конвенцияның сақталуын қарастыру
- c) III/3 шешім - БҰҰ ЕЭК өзге конвенцияларымен ынтымақтастықты нығайту III/4 шешім - Тиісті тәжірибе, сондай-ақ екіжақты және көпжақты келісімдер бойынша нұсқаулық
- d) III/5 шешім - Субаймақтық ынтымақтастықты нығайту
- e) III/6 шешім - Трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы ақпаратпен алмасы
- f) III/7 шешім - Эспо-да қабылданған Конвенцияға екінші түзету
- g) III/8 шешім - Трансшекаралық контекстінде қоршаған ортаға әсерді бағалауда қоғамның қатысуы бойынша басты принциптер
- h) III/9 шешім - Тараптардың төртінші мәжілісіне дейінгі мерзімге жұмыс жоспарын бекіту
- i) III/10 шешім - Тараптардың төртінші мәжілісіне дейінгі мерзімге бюджеттік және қаржылық шаралар
- j) III/11 шешім - Ауыспалы кезең елдерінің өкілдеріне, үкіметтік емес ұйымдарға және БҰҰ ЕЭК аймағының шегіндегі елдерге қаржылық көмек
- k) III/12 шешім - Хаттама Тараптарының мәжілісі ретінде әрекет ететін Конвенция тараптарының бірінші мәжілісін дайындау

Конвенция Тараптарының трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ туралы *төртінші отырысы* 2008 жылы 19-21 мамырда Румыния үкіметін шақыртуымен Бухаресттегі

Парламент сарайында өтті. Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінің субаймақтық ынтымақтастығын жүзеге асыру шаралары шеңберінде Конвенцияны орындау мақсаттарында Көп жақты келісім бойынша келіссөздер жүргізілді. Келісім шартты жеті ел мақұлдап, қол қойды, олар: Болгария, бұрынғы югославия Республикасы Македония, Греция, Румыния, Сербия, Хорватия және Черногория.

Отырыста ҚОӘБ Жұмыс тобының, Сақтау жөніндегі Комитеттің жасаған жұмыстарына шолу жасалып, тараптардың бесінші отырысына дейінгі Жұмыс жоспарлары мақұлданды, Стратегиялық экологиялық бағалау хаттамасына қатысты сұрақтар қарастырылып, келесі шешімдер қабылданды:

- a) IV/1 Шешім – Іске асыруды қарастыру
- b) IV/2 шешім – Сақталуды қарастыру:
  - Румынияның Украина қатысты беруі;
  - Комитет бастамасы бойынша Арменияға қатысты.
- c) IV/3 шешім – Қарау рәсімі.
- d) IV/4 Шешім – Субаймақтық ынтымақтастықты нығайту.
- e) IV/5 Шешім – Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінде әлеуетті нығайту.
- f) IV/6 Шешім – Тиісті тәжірибемен алмасу.
- g) IV/7 Шешім – Тараптардың бесінші отырысына дейінгі кезеңге конвенцияны және оның Хаттамасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарын бекіту.
- h) IV/8 Шешім – Бюджеттік және қаржылық шаралар. Конвенция Хатшылығымен әзірленген қаржыландыру туралы баяндама қарастырылды.
- i) IV/9 Шешім – Ауыспалы экономикасы бар, үкіметтік емес ұйымдар және БҰҰ ЕЭК аймағынан тыс елдерінің өкілдеріне қаржылық көмек.

Конвенция Тараптарының трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ (Эспо Конвенциясы) туралы бесінші отырысы 2011 жылы 20-23 маусымда Женевада өтті. Ол, Конвенцияға Стратегиялық экологиялық бағалау Хаттамасы Конвенция Тараптарының бірінші отырысына ұштастырылған болатын. Отырыста Украина, Әзірбайжан, Армения, Литва бойынша сақтау мәселелері қарастырылды.

Конвенция Тараптарының алтыншы, СЭБ Хаттамасының екінші және бірлескен мәжілістері 2014 жылдың 2-4 маусымында Женевада өтті. Тараптармен жұмыс жоспарында Конвенция Тараптары Отырысының 7-ші және Хаттама Тараптары Отырысының 3-ші мерзіміне дейін Конвенцияның жүзеге асырылуының төртінші шолуын және Хаттаманың жүзеге асырылуының бірінші шолуын қарастыру қажет деп шешілді. Осы мақсатпен Жүзеге асыру комитетіне 2014 жылдың соңына дейін 2013-

2014 жж. әзірленген сұраулықты 2013-2015 жж. кезеңіне бағыттай отыра жеңілдету, сұраулықтың жобасын 2015 жылы Жұмыс тобының қарастыруына ұсыну, сұраулықты Тараптар арасында 2015 жылдың қазанына (Конвенция сұраулығы) және 2015 жылдың желтоқсанына жариялау арқылы тарату тапсырылды.

Конвенция Тараптарына толтырылған сұраулықтарды сәйкесінше ақпанның соңына және 2016 жылдың сәуіріне дейін қайтару ұсынылды, сонымен қатар келесі шешімдер қабылданды:

VI/1 шешім Есептілікті ұсыну және жүзеге асырылуының шолуы

VI/2 шешім Сақталуды қарастыру туралы

VI/6 шешім Конвенцияның түпнұсқалық мәтінін түрлі тілдерде келістіру

VI/7 шешім Атом энергетикасы саласындағы қызметте Конвенцияны қолдану

VI/8 шешім ШЕКОА елдерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасы шеңберінде Конвенция және ҚОӘБ арасында келісімді көтеруге қатысты жалпы басты нұсқаулар

VI/9 шешім Байланыс, қызметтестік және дауларды шешу саласындағы тиісті тәжірибе

II/1 шешім Есептілікті ұсыну және Хаттаманың жүзеге асырылуын қарастыру

II/2 шешім Сақталудың шолуы

II/6 шешім Стратегиялық экономикалық бағалау бойынша Хаттаманың түпнұсқалық мәтінін

басқа тілдерде келістіру

II/7 шешім Хаттамаға сәйкес хабарлама нысаны

II/8 шешім Стратегиялық экологиялық бағалауда қоғамның тиісті тәжірибелік қатысуы бойынша ұсыныстар

VI/3-II/3 шешім Жұмыс жоспарын бекіту

VI/4-II/4 шешім Бюджет, қаржылық тетіктер мен қаржылық көмек

VI/5-II/5 шешім БҰҰ ЕЭК мүшесі болып табылмайтын БҰҰ-на мүше елдердің қосылуы

#### **4. КОНВЕНЦИЯ ТАРАПТАРЫ ШЕШІМДЕРІНІҢ ТАЛДАУЫ**

##### **4.1 Талдау мақсаты және құрылымы, Жүзеге асырылуының және сақталуының шолуы, Конвенцияға енгізілетін түзетулер, Ратификациялану жағдайы**

Талдау мақсаты – Конвенция Тараптарының шешімдерін жүйелеу және Қазақстанның осы халықаралық келісімнің міндеттемелерін толығырақ сақтау және жүзеге асыру процесі үшін нұсқауларды анықтау.

Барлық шешімдер қалыптама ретінде келтірілген, бұл олардың құрылымын, тақырыбын, сәйкес құжаттарға сілтемесін ықшамдалған түрде көруге, бір жағынан шешімдердің мазмұнын аннотациялық түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Титулдық міндеттемелер бөлігінде (Конвенцияда келтірілген) – Қазақстанның әлеуеті жеткілікті, алдыңғы ұлттық баяндамалар оның нақты дәлелі болып табылады деп айтылған.<sup>2</sup> Алайда міндеттемелерді толық емес практикалық орындау жүзеге асыру құралдарымен қамтамасыз етіледі және жалпы ұлттық әлеуеттің алдағы ұлғаюын талап етеді.

Тараптардың шешімдерінде конвенцияны жүзеге асыру құралдары еш толық талдаусыз ғана атап өтілген, Конвенция Тараптары міндеттемелерді орындау үшін әлеуеттері жеткілікті деген үнсіз жорамал орын алған.

ҚОӘБ әлеуеті трансшекаралық контекстінде ҚОӘБ-дың ұлттық рәсімдеріне және экологиялық сараптамаға негізделетіні анық. Бұл ретте әлеует осы рәсімдер шегінде ғана емес, неғұрлым кеңірек қарастырылуы керек. Міндеттемелерді ұстанудың келесі кезеңдерінде, мысалы Конвенция талаптарының бірі болып табылатын экологиялық жағдайлардың дамуының болжауын әзірлеу немесе жобадан кейінгі талдау жүргізуде қажетті әлеуеттің шектері табиғатты қорғау қызметін басқарудың басқа сегменттерін қатыстыра отырып кеңейеді.

Еуропалық басқару жүйесінің тәжірибесінде (барлық трансшекаралық конвенциялардың түптегі шыққан жер) трансшекаралық тақырыптың құралдарын дамытудағы уәждеме Қазақстан, Қытай Халық Республикасы немесе Ресей Федерациясы сияқты неғұрлым ірі елдердің тәжірибесіне қарағанда анағұрлым жоғары болып келетінін есепке алу керек. Мотивациялардағы мұндай айырмашылықтар географиялық факторлармен түсіндіріледі: Еуропадағы су бассейндері, территориясы бойынша аумағы үлкен елдерге қарағанда мемлекет шекараларымен көбірек бөлінген. Халықаралық келісімнің міндеттері, оларды ұстану құралдарына инвестициялар салу

---

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсер ету туралы конвенцияны орындау жөніндегі баяндама. «ҚОҚ АТО» РМК, Астана, 2009 ж.

үшін өздері жеткілікті салмақты уәждеме жасамайтындықтан, осы аргументті есепке алған жөн.

Әлеуетті кеңірек зерттегенде, бірінші қатарға табиғатты қорғауды ұлттық деңгейде жүзеге асырудың практикалық құралдары шығады, өйткені халықаралық міндеттемелерді орындау әлеуеті ұлттық әлеуетті басқарудың табиғи жалғасы болып табылады, әлбетте, ҚОӘБ шағын сегментінің бөлігінде ғана емес, құралдардың кең қатарында да. Осы ұлттық контекстінде басқару жүйесін дамытуға кететін шығындарға арналған уәждемелер халықаралық келісімдердің міндеттемелерін сақтаудың қажеттіліктерінен жоғары болып келеді.

Сол себепті, талдау заты ретінде материалға қараудың қырын өзгертетін ұлттық қажеттіліктерді алған жөн. Бірінші жақындауда конвенция міндеттемелерін жүзеге асыру құралдарының талдауы жасалған, сондай-ақ табиғатты қорғау қызметін басқарудың қазақстандық жүйесінің сәйкестігін толығырақ зерттеудің өзектілігі көрсетілген.

Тараптардың барлық шешімдері қалыптама түрінде келтірілген (1 қосымша), бұл олардың құрылымын, тақырыбын, сәйкес құжаттарға сілтемесін ықшамдалған түрде көрсетуге, бір жағынан шешімдердің мазмұнын аннотацияланған түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

#### 2.1. Кездесулер хронологиясы


Тараптардың мәжілістерін жүргізу мерзімділігі белгіленген болып табылмайды, бұл туралы төмендегі кесте дәлел болады.

<b>Тараптар отырысы</b>	<b>Жыл</b>	<b>Оту орны</b>
Конвенция Тараптарының бірінші отырысы	1998	Осло, Норвегия
Конвенция Тараптарының екінші отырысы	2001	София, Болгария
Конвенция Тараптарының кезектен тыс отырысы	2003	Киев, Украина
Конвенция Тараптарының үшінші отырысы	2004	Кавтат, Хорватия
Конвенция Тараптарының төртінші отырысы	2008	Бухарест, Румыния
Конвенция Тараптарының бесінші отырысы және СЭБ Хаттамасының бірінші отырысы	2011	Женева, Швейцария
Конвенция Тараптарының алтыншы отырысы, СЭБ Хаттамасының екінші отырысы және бірлескен мәжілістер	2014	Женева, Швейцария



## 2.2. Конвенция органдарының құрылымы

Конвенция органдарының құрылымы (органограмма<sup>3</sup>).



Конвенция бойынша Тараптар кездесулеріне қосалқы ұйымдар тарабынан қолдау көрсетіледі.

Конвенцияның 11-бабы келесілерді бекітеді:

1. Тараптар қоршаған орта және су ресурстары проблемалары бойынша ЕЭК елдері үкіметтері аға кеңесшілерінің жыл сайынғы сессияларына мүмкіндігі болғанша бейімделген кеңестер өткізеді. Алғашқы кеңес осы Конвенция күшіне енген күнінен бастап, бір жылдан кешіктірілмей өткізіледі. Кейіннен кеңестерді өткізудің қажеттілігі мен олардың мерзімдері Тараптар кеңесінде немесе Тараптар хатшылығы бұл өтініш туралы хабардар еткен күннен бастап алты ай ішінде оны тараптардың кемінде үштен бірі қолдаған жағдайда Тараптардың кез келгенінің жазбаша түрдегі берілген өтінішімен анықталады.

2. Тараптар осы Конвенцияның орындалу барысына бақылау жасайды және осы мақсатпен:

а) Тараптар шекаралық мәтінде қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау рәсімдерін одан әрі жетілдіру мақсатымен қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау саясатына және әдіснамалық көзқарастарға шолу жасауды жүзеге асырады;

б) екі тарапты және көп тарапты келісімдерді немесе олардың тараптары бір немесе одан да көп Тараптар болып табылатын трансшекаралық мәтінде қоршаған

<sup>3</sup>[http://www.unece.org/ru/env/eia/bodies\\_r.html](http://www.unece.org/ru/env/eia/bodies_r.html)

ортаға жасалатын ықпалды бағалауды пайдалануға қатысты басқа да уағдаластықтарды жасасу және орындау саласындағы жинақталған тәжірибеге қатысты ақпарат алмасады;

с) қажет жағдайда осы конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу жолында пайда болған әдіснамалық немесе техникалық мәселелерді шешу үшін құзыретті халықаралық органдар мен ғылыми комитеттердің қызметтеріне жүгінеді;

d) өзінің бірінші кеңесінде өз кеңестерінің рәсімдері ережелерін қарайды және консенсус қабылдайды;

е) қажет болған жағдайда осы Конвенцияға түзетулерді де қарайды;

f) осы Конвенцияның<sup>3</sup> мақсаттарына жету үшін қажет болуы мүмкін кез келген қосымша шараларды қарайды және қабылдайды.

ҚОӘБ бойынша жұмыс тобы - Конвенция талаптарының орындалуына және жұмыс жоспарын басқаруға жәрдем жүзеге асыру ісіне және жұмыс жоспарын орындауды ұйымдастыруға жәрдем беру үшін құрылған Тараптар Кеңесі жанындағы қосалқы орган.

ҚОӘБ бойынша жұмыс тобы, Тараптар кездесуі кезіндегі қосалқы ұйым Конвенция талаптарын орындауда көмек көрсету және жұмыс жоспарын басқару үшін құрылған. ҚОӘБ бойынша жұмыс тобы Конвенцияны жүзеге асыруда көмектесу және жұмыс жоспарын реттеу үшін құрылған Тараптар мәжілісінің қосалқы органы болып табылады (Тараптар мәжілісінің I/2 шешімі). Жұмыс тобының мәжілістері Тараптар мәжілісінің<sup>4</sup> Рәсім (I/1 шешім) ережелері бойынша жүргізіледі.

Жүзеге асыру бойынша комитет, Конвенция Тараптары өз міндеттемелерін толығымен орындауда көмек көрсету мақсатымен Конвенция шеңберінде Тараптар өз міндеттемелерін қаншалықты орындайтындығын тексеру үшін құрылған. Комитеттің міндеттеріне рәсімдерді сақтау және өзгерту бойынша шешімдерді әзірлеу, сондай-ақ, Комитет отырыстары мен Тараптар мәжілісіне мүшелік ету, оларды жоспарлау, дайындау және жүргізу мәселелері кіреді. Негізгі атқаратын міндеті – сақтау мәселелерінің талдауы және мониторингі.

Бюро мәжілістерде қатысушылар және қадағалаушылар ретінде қатысу үшін Конвенцияға қосылу, ратификациялау, сондай-ақ Тараптар өкілдерінің уәкілеттіктерін тексеру сияқты хаттамалық жағдайларды мониторингілеуге арналған.

Сұрау және зерттеу бойынша комиссия Конвенцияны сақтай отырып, зерттеуді және сәйкес шешімдерді қабылдауды талап ететін даулы жағдайлар туралы Тараптардан сұрау түскен кезде құрылады.

---

<sup>4</sup>[http://www.unece.org/ru/env/eia/workinggroup\\_r.html](http://www.unece.org/ru/env/eia/workinggroup_r.html)

Хатшылық Конвенцияның барлық органдарының әрекеттерін үйлестіреді, Тараптар мәжілістері үшін контент әзірлейді және Тараптардың шешімдерінің орындалуын бақылауды қабылдайды<sup>5</sup>.

### 2.3. Конвенция және Хаттама мәжілістерінің бірігуі

2003 жылы Киев қаласында Стратегиялық экологиялық бағалау туралы Хаттамаға қол қоюға беруге арналған Тараптардың кезектен тыс мәжілісі өтті<sup>6</sup>. СЭБ хаттамасы 2010 жылы күшіне енді. Секретариат және Тараптар Конвенция және Хаттама бойынша тараптардың біріккен мәжілістерін жүргізу туралы шешім қабылдады. Алайда, келісімдердің заңдық дербестігін және Конвенция және Хаттама Тараптары құрамдарының сәйкессіздігін есепке алып, мәжілістер Тараптар өкілдерінің түрлі құрамымен ресми түрде жеке жүргізіледі.

Хаттама Тараптарының бірінші мәжілісі Конвенция Тараптарының бесінші мәжілісімен біріктірілген, Хаттама Тараптарының екінші мәжілісі Конвенция Тараптарының алтыншы мәжілісімен біріктірілген. Ресми заңды дербестікті талап етпейтін, келісімдерді басқарудың жалпы мәселелері талқыланатын біріккен мәжілістерді жүргізу тәртібі бекітілді.

### 2.4. Тараптар шешімдерінің үш санаты

Барлық қабылданған шешімдер бірнеше санаттарға қатысты болады:

а) Хатшылық, жұмыс топтары, ұйымдар және Тараптардың мәжілістер жүргізілуінің жұмыс істеуінің ішкі рәсімдерінің мазмұнына қатысты шешімдер,

б) Хатшылық бюджетіне салымдар, жұмыс топтарын қаржыландыру және дамушы елдерді қаржылай қолдау бойынша міндеттемелерді орындау мәселелеріне қатысты шешімдер,

в) Хатшылық және Тараптардың мазмұнды қызметіне - Конвенция міндеттемелерінің орындалуына қатысты шешімдер.

Рәсімдік және қаржылық шешімдермен сілтемелері қалыптамада берілген нақты құжаттарда танысуға болады.

---

<sup>5</sup><http://www.unece.org/ru/environmental-policy/treaties/environmental-impact-assessment/organisations/komissija-po-rassledovaniju.html>

<sup>6</sup>СЭБ хаттамасымен бір уақытта 2003 жылы қол қоюға берілген; Ақпаратқа қолжетімділік туралы Конвенцияға Қалдықтар тізілімі және ластандырушыларды тасымалдау туралы, қоғамның шешімдерді қабылдауда қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділсотқа қолжетімділік туралы хаттама (Орхус конвенциясы); Траншекаралық су ағымдарын және халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану бойынша Конвенция және Өнеркәсіптік апаттардың шекаралық әсері туралы Конвенцияға трансшекаралық суларға өнеркәсіптік апат арқылы әсер нәтижесіндегі залал үшін азаматтық жауапкершілік және өтеу туралы хаттама. Осы уақытқа дейін бұл үш хаттама ратификацияланбаған.

Талдау конвенцияны пайдалану барысында тәжірибенің жиналуы бойынша қабылданған мазмұнды шешімдерге жинақталған. Мұндай шешімдердің дайындалуы әдетте «мәселені қою – өзектілікті бағалау – жұмыс тобын зерттеу – шешімді дайындау – шешім қабылдау» сызбасы бойынша көпкезеңді жолдан тұрады.

Әрі қарай 2001-2010 жж. кезеңнің шешімдерінің шолуын жүзеге асыру бойынша Комитет дайындаған<sup>7</sup>, Хатшылық және Тараптар конвенцияны сақтау және жүзеге асыру барысында анықталған ең тиімді және бәтуалы мәселенің шешімін іздеуде қайта-қайта оралып отырған, көптеген аралық шешімдерді біріктіретін Конвенция тараптарының ең маңызды шешімдері түсіндіріледі.

### **2001-2010 жж. кезеңге жүзеге асыруды және ұстануды шолу**

Шолудың құрамында Тараптардың Конвенцияның және ішінара Хаттаманың жүзеге асырылуына және сақталуына қатысты шешімдерді барлық қарастырған мәжілістері бар. Сәйкес құжаттарға сілтеме жасай отырып, Комитеттің түсіндіру нысанында жүзеге асыруының қорытындылары келтіріледі, өйткені бұл мәселелер ерекше түсіндіруді қажет етпейді.

#### **3.1. Басым міндеттемелер иерархиясы.**

Жүзеге асыру бойынша шешім қабылданды: «Конвенцияға сәйкес міндеттемелер иерархиясын әзірлеу оның мандатына кірмесе де», ол негізгі міндеттемелер ретінде Конвенцияның келесі жағдайларын анықтай алушы еді:

- ҚОӘБ рәсімін әзірлеу;
- хабарлама;
- Конвенцияға сәйкес рәсімде қатысуды растау;
- ақпаратты жіберу;
- қоғамның қатысуы;
- ҚОӘБ бойынша құжаттаманы әзірлеу;
- қатысты болып отырған елдің билік органдары және қоғамын қатыстыру мақсатында ҚОӘБ бойынша құжаттамаларды тарату;
- Тараптар арасындағы кеңесу;
- соңғы шешім және соңғы шешім бойынша құжаттама жіберу.

Комитет «бұл міндеттемелер Конвенцияны жүзеге асырудың барлық рәсімінің құрамдық бөлігі болып табылады» деген пікір айтты. Сәйкесінше 10 жылға шешімдер шолуының шектік негізі осы міндеттемелер болып табылады. Осы тізімге жүзеге асыру

---

<sup>7</sup><http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2011/eia/ece.mp.eia.2011.6.r.pdf>

туралы есептілікке қатысты міндеттеме, сондай-ақ Конвенцияны пайдалану ортасы туралы мәселе қосылды<sup>8</sup>.

3.2. Тараптар мәжілісінің шешімдері міндеттеменің заңды күшіне ие болмайды  
Комитет Тараптар мәжілісінің шешімдерінен тікелей шығатын Тараптар міндеттерін қарады. «Тараптар мәжілісінің шешімі заңды күші жоқ міндеттеме болып табылатындығы туралы айтылған, сондықтан ол сақтауды қараудың заты болмайды»<sup>9</sup>.

### 3.3. ҚОӘБ бағалау рәсімінің ұлттық заңнамада орнатылуы

Комитет Конвенцияның 2 бабының 2 тармағында қарастырылған Украина Конвенциясын сақтауға қатысты Комитетке Румынияны бірінші ұсыну мысалында қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімін орнату туралы мәселені қарады.

Комитет келесі қорытындыға келді:

«Комитет Конституцияның халықаралық келісімдерді тікелей пайдалануы туралы ережесін заңнамадағы толығырақ ережелерсіз Конвенцияны тиісті түрде қарау үшін жеткіліксіз деп есептейді. Атап айтқанда, ұлттық нормативтік-құқықтық базада нақты жазылуы керек:

а) Конвенция талаптарының мақсаттары үшін қызметті мақұлдау бойынша қай шешімдер соңғы болу керек;

б) трансшекаралық ҚОӘБ рәсімі шешімдерді қабылдаудың қай кезеңінде қарастырылады, оның өткізілуіне кім жауап береді және

қандай құралдармен жүргізіледі (IV/2 шешім, I қосымша)<sup>10</sup>.

Комитет пікірінше, ҚОӘБ және [стратегиялық экологиялық бағалау] СЭБ арасындағы рәсімдік айырмашылықтардың болуы «...ҚОӘБ және СЭБ түрлі ережелердің заты болып табылатын нұсқаудың артықшылығын қарастырады, мұнда бір жағдайда екі мәселені қамту әрекетінен бас тарту керек» (IV/2 шешім, II қосымша, 31 тармақ)<sup>11</sup>.

Комитет, сондай-ақ ҚОӘБ рәсімінің егжей-тегжейі, мысалы қоғамның қатысуы жағдайында, оның дамуына заңға қосымша актілерге қарағанда, заңнаманың өзінде көрсеткен жөн» деп есептейді (IV/2 шешім, II қосымша, 32 тармақ).

---

<sup>8</sup> <http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2011/eia/ece.mp.eia.2011.6.r.pdf>, п.4.

<sup>9</sup> <http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2011/eia/ece.mp.eia.2011.6.r.pdf> п.5

<sup>10</sup> <http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2008/eia/ece.mp.eia.2008.4.r.pdf>

<sup>11</sup> сол жерде.

Комитет бастамашы мемлекет болмаса, қоршаған ортаға трансшекаралық әсер рәсімін жүзеге асыру ісінің бастамашысына тапсырма беру орынсыз болады деген ойын айтты" (ECE/MP.EIA/IC/2010/2, 36 тармақ)<sup>12</sup>.

«Конвенцияны, әсіресе қоғамның қатысуына қатысты ережелерді жүзеге асыруда ұлттық регламенттейтін шектер қажет» екендігі атап өтілген (ECE/MP.EIA/IC/2010/4, 19 а тармақ)).

#### 3.4. Конвенцияны пайдалану ортасы

Комитет «Конвенция көрші елдерге әсер, сондай-ақ алыс қашықтықтағы әсер сияқты экологиялық әсерлердің барлық ауқымын пайдаланылатындығын мойындады» (MP.EIA/WG.1/2003/3, 8 тармақ).

Украина Румынияның кеме жүзетін жармасы бойынша оқиғасын желеурете отырып, Комитет Конвенция шеңберіндегі рәсімдер, атап айтқанда 2 баптың 3 тармағының мақсаттары үшін Конвенция контекстіндегі қызмет «құрылыс жұмыстарынан ғана емес, пайдалану және қызмет көрсетуден де тұратындығын» есепке алды (IV/2 шешім, I қосымша, 41 тармақ). Мұндай әсердің төмен ықтималдығы да Тараптарға қатысты хабарлама бойынша міндеттеме пайда болуы үшін жеткілікті болуы керек. Бұл ауыр зиянды трансшекаралық әсер ықтималдығы жойылуы мүмкін жағдайды есептегенде, хабарлама міндетті болып есептеледі (IV/2 шешім, I қосымша, 54 тармақ).

Комитет «жоспарланатын қызмет» «кез келген істе кез келген қызмет немесе кез келген маңызды өзгеріс ...», мысалы, «автомагистралдарды және жылдамдық жолдарын жаңарту» сияқты анықталатындығын атап өтті (ECE/MP.EIA/IC/2009/2, 30 тармақ). Сондай-ақ «...автомагистралдарды немесе жылдамдық жолдарын жаңарту көбінесе автомагистралдарды және жылдамдық жолдарының қайта құрылуын білдіреді» (ECE/MP.EIA/IC/2009/4, 36 тармақ).

«Быстрое» кеме жүзетін жармасын желеурете отырып, Комитет «...егер жер казу жұмыстарының жалғыз мақсаты бар өзен жолдарының тереңдігін сақтау болып табылса және олар тиісті рұқсат негізінде жүзеге асырылса, онда мұндай жұмыстар атқарылып жатқан қызмет түрінің пайдаланушылық қызмет етуі ретінде қарастырылуы керек және сол себепті Конвенция бойынша міндеттемелердің пайда болуына әкелуі мүмкін елеулі өзгерту болып табылмайды» деген пікір білдірді. Сонымен қатар, су жолдарының тереңдігін сақтау, егер мұндай тереңдік болу керек қызметтің нәтижесі, бірақ Конвенция бойынша дұрыс бекітілмеген болса, бұл осы қызметтің жалғасына

---

<sup>12</sup> сол жерде.

айналады және Конвенция бойынша міндеттемелер режиміне енеді» (ECE/MP.EIA/IC/2010/2, 40 тармақ)<sup>13</sup>.

### 3.5. Зерттеу рәсімі

Комитет «...комиссияның зерттеу бойынша соңғы қорытындысы нақты жағдай болып табылады және дереу күшіне енеді; атап айтқанда, Конвенцияда Тараптар үшін мұндай шешімді «зерттеу» үшін мүмкіндік қарастырылмаған...» деп мәлімдеді. Егер бұл пікір елеулі зиянды трансшекаралық әсер мүмкіндігін растаса, Комиссияның зерттеу бойынша соңғы қорытындысы қайта шағым беруге жатпайды және хабарламаға әкелуі керек». Конвенцияға сәйкес хабарлама неғұрлым жылдам және шығу Тарабының қоғамын ақпараттандырудан кешіктірмей жасалады. Егер Тараптың қоғамы жоспарланып жатқан іс туралы ақпараттандырылса, хабарлама дереу жіберілуі керек (IV/2 шешім, I қосымша, 43 тармақ).

ex tunc [кері күші бар пікір] принципін пайдалануға қатысты Конвенцияда нақты құқықтық негіздеменің болмауы, зерттеу бойынша комиссияның соңғы пікірін кері күші жоқ деп түсіну керек деп есептейді (IV/2 шешім, I қосымша, 51 тармақ).

Комитеттің пікірінше, Украина Румыния зерттеу бойынша комиссия құру туралы өтініш жібергеннен кейін кешіктірмей кеме жүзетін жарманы тереңдету жобасы бойынша, оның ішінде пайдалану және қызмет көрсету бойынша жұмыстарды уақытша тоқтату керек еді. Сонымен қатар, зерттеу бойынша, оның ішінде қызмет көрсету және пайдалану бойынша комиссия соңғы пікір шығарғаннан кейін Конвенцияда қарастырылған рәсімдер аяқталғанға дейін жаңартылмауы керек (IV/2 шешім, I қосымша, 69 b тармақ))<sup>14</sup>.

### 3.6. Басқа халықаралық келісімдермен өзара байланыс

Комитет «Конвенцияның 2 бабының 10 тармағының мақсаты, Тараптарға қатысты болуы мүмкін хабарламалар және трансшекаралық рәсімдер шеңберінде тиісті жағдайларда басқа шаралар қабылдау - Тарапты басқа халықаралық шарттар бойынша сәйкес міндеттемелерді сақтау қажеттігінен босатпайтындығын; шарттар мұны арнайы қарастырған жағдайларды есепке алмағанда» нақты белгілеуді атап өтті.

Сонымен қатар қандай да бір халықаралық шарттан шығатын міндеттемелерді орындау Тараптарға қатысты болуы мүмкін Конвенция талаптарын сақтамау және трансшекаралық рәсімдер шеңберінде тиісті жағдайларда басқа шараларды жүзеге асыру үшін сылтау ретінде түсіндірілмеуі керек (ECE/MP.EIA/IC/2010/2, қосымша, 41 тармақ).

<sup>13</sup><http://www.unecce.org/fileadmin/DAM/env/documents/2008/eia/ece.mp.eia.2008.4.r.pdf> п.40.

<sup>14</sup><http://www.unecce.org/fileadmin/DAM/env/documents/2008/eia/ece.mp.eia.2008.4.r.pdf> п.69 б.

Жеке аспект – халықаралық келісімдер синергизмі – бұдан әрі, VI бөлімінде қаралады.

### 3.7. Хабарлама

Комитет Конвенцияда хабарламаны Тарапқа қатысты қай органға жіберу керек екендігіне қатысты нақты ереже жоқ екендігін мойындады. Осыған байланысты Тараптардың бірінші мәжілісі өзінің шешімінде байланыстың I/3 тармақтарын анықтаған. Тараптар мәжілісінің шешімі заңды күшке ие емес және сол себепті сақтауды қараудың заты бола алмайды. Сонымен қатар бұл Конвенция қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет екендігі мойындалды.

Комитет «Егер екіжақты немесе көпжақты келісімде басқа қарастырылмаса, Тарап әдетте байланыс пунктiсi немесе сыртқы iстер министрлігі болып табылатын, қатысы бар Тарап сол мақсат үшін тағайындаған органға хабарлама жіберген жағдайда ғана Конвенцияға сәйкес өз міндеттерін орындайды деген қорытындыға келді» (MP.EIA/WG.1/2003/3, 10 тармақ).

Комитет Тараптар екіжақты және көпжақты келісімдерде хабарламаны жіберу уақытын нақтылап отыруды ұсынды. Комитет Тараптарға рәсімнің ең соңғы кезеңінде хабарлама жіберумен байланысты мәселелерді жою мақсатында хабарламаның қажеттілігіне қатысты Тараптарға байланысты болуы мүмкін алдын ала консультацияларды жүргізуді қарастыратын сақтық принципі негізінде амал қолдануды ұсынды.

Комитет әр Тарапқа келесіні ұсынды:

а) екіжақты және көпжақты келісімдерде немесе тікелей екіжақты немесе көпжақты нысанда хабарламаның жіберілу уақытын айқындау;

б) хабарламалар дұрыс мекенжай бойынша жеткізіуі үшін Конвенцияның веб-сайтында орналастырылған байланыс пунктiлерi туралы ақпараттағы кез келген қажеттi өзгерiстер туралы хатшылыққа хабарлау;

с) шығу Тарабы болғандықтан, осы рәсімнің ең соңғы кезеңінде хабарламаны жіберуге қатысты мәселелерді жою мақсатында хабарламаның қажеттілігіне байланысты Тараптарға қатысты болуы мүмкін алдын ала консультациялар жүргізу;

д) шығу Тарабы болғандықтан, пошта арқылы, сондай-ақ кейбір елдерде электронды хабарламаларды құқықтық қабылдау бойынша шектеулерді есепке ала отырып электронды байланыс құралдары арқылы хабарламалар жіберу;

е) шығу Тарабы болғандықтан, хабарламаға жауап беру үшін орынды уақыт шектерін орнату және тиісті тәжірибемен қарастырылғандай, хабарламаның жеткендігі туралы растауды талап ету;



f) қатысы бар Тарап болғандықтан, әрқашан хабарламада көрсетілген мерзімде жіберу;

g) шығу Тарабы болғандықтан және тиісті тәжірибемен қарастырылғандай, хабарлама жеткізілгендігіне көз жеткізу және содан кейін ғана жауаптың жоқтығы қатысы бар Тарап қызметтес болғысы келмейтіндігінің дәлелі екендігі туралы болжам жасау (IV/2 шешім, III қосымша)<sup>15</sup>.

Осы ұсыныстарды нақтылай отырып: «Егер шығу Тарабы бір жақтан қатысы бар Тараптағы байланыс пунктiсiне хабарласа және жибергендiгiн дәлелдей алса және қатысы бар Тарап екiншi жақтан басында мұндай хабарлама алмаған болса, шығу Тарабынан келесi жағдайлар бойынша қайта хабарламаны жиберу талап етiлмейтiндiгiн атап өттi:

a) шығу Тарабы қатысы бар Тараптың ҚОӘБ трансшекаралық рәсiмiнде қатысуымен келiстi;

b) қатысы бар Тарап Конвенцияның 3 бабының 2 және 5 тармақтарында көрсетiлген барлық ақпаратты, сондай-ақ қоршаған ортаға әсердi бағалау туралы құжаттаманы алды (ECE/MP.EIA/IC/2010/4).

Егер шығу Тарабы қатысы бар Тараптың байланыс құралдарының сенiмдiлiгiне күмәнданатын болса, ол ақпаратты пошта арқылы да, дипломатиялық каналдар бойынша да жиберу керек және ол жиберген ақпараттың жеткiзiлгендiгiне көз жеткiзу үшiн электронды поштаны немесе басқа кез келген байланыс құралдарын пайдалануы керек».

### 3.8. ҚОӘБ туралы құжаттама әзiрлеу

Комитет келесiнi ұсынды:

«b) мүдделi Тараптар уақыт шектерiмен байланысты мәселелердi шешу мақсатында бiр бiрiмен тiкелей байланыс санын барынша көбейттi, мысалға ақпараттың жеткiзiлгенiн растау арқылы (мысалы, алғандығын растауды талап ету арқылы);

c) Тараптар, шығу Тараптары болғандықтан, құжаттама мазмұнына қатысты қатысы бар Тараппен алдын ала байланыс орнатты, қоғамның тиiмдi қатысуын және орынды уақыт шектеулерiн қамтамасыз етудi қоса есептегенде, ҚОӘБ трансшекаралық рәсiм шеңберiнде нәтижесiнде ауыр күрделiлiктерден құтылуға мүмкiндiк бередi. ҚОӘБ туралы құжаттамаға қатысты анықталған мәселелердi шешу үшiн консультацияларды да пайдалануға болады;

<sup>15</sup><http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2008/eia/ece.mp.eia.2008.4.r.pdf> п.38.

d) Тараптар ҚОӘБ туралы құжаттама Конвенцияға II қосымшадағы талаптарға жауап беруін және тиісті тәжірибеге сәйкес жеткілікті сапалы болуын қамтамасыз етті (ECE/MP.EIA/WG.1/2006/4, 18 тармақ).

Комитет «Конвенцияның ҚОӘБ туралы құжаттама сипаттамадан тұруы керек, қажет болған жағдайда қажетті орынды баламадан тұру керек екендігі қарастырылған ережесі (II қосымша, b тармақ)), қандай да Тараптың Конвенцияны құқықтық жүзеге асыруы үшін міндетті болып табылады» екендігін ескерді (ECE/MP.EIA/IC/2009/2, 39 тармақ).

Комитет әр нақты жағдайда ҚОӘБ туралы құжаттаманың мазмұнын анықтауға қатысы бар Тарапты тартуды ұсынды. Берілген жобаның жоқтығын қоршаған ортаның эволюциясының серпінін бағалау үшін толығымен ешқандай әрекеттерді жүзеге асырмау баламасының нәтижесін талдаудың маңызы ерекше аталған.

ҚОӘБ бойынша құжаттаманың мазмұнына қатысты шығу Тарабының стандарттары сәйкес Тараптарда пайдаланылатын халықаралық заңнамаға сәйкес келеді деген шартпен қарапайым тәртіпте пайдаланылады.

Мүдделі Тараптар қатысы бар Тараптың қоғамына ұсынылатын мүмкіндік шығу Тарабының қоғамына ұсынылатын мүмкіндікке, кем дегенде қоғамға түсінікті тілдегі құжаттаманың сәйкес бөлімдеріне қолжетімділікті қоса есептегенде тең болуын қамтамасыз етуде бірге жауапты болу керек.

Қолжетімділік құжаттама қатысы бар Тараптың халқы пайдаланбайтын тілде құрылған жағдайда, құжаттаманың кем дегенде ішінара аудармасының негізінде қамтамасыз етілуі керек. Егер екіжақты немесе көпжақты келісімде немесе басқа шартта басқа қарастырылмаса, мүдделі Тараптар хабарламаны жібергенде немесе қабылдағанда қоршаған ортаға трансшекаралық әсерді бағалау рәсімінің ең бірінші кезеңінде аударылуға жататын құжаттардың тізімін келістіріп алуы керек.

Аударылатын құжаттама кем дегенде техникалық емес бөлімдерден және шығу Тарабының қоғамына ұсынылатын мүмкіндікке тең процесте қатысы бар Тараптың қоғамына мүмкіндік беруге қажет қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша құжаттаманың бөлімдерінен тұруы керек. Егер екіжақты немесе көпжақты келісімде немесе басқа шартта басқа қарастырылмаса, аударманы қамтамасыз ету бойынша жауапкершілік «бүлдіруші төледі» деген принцип бойынша шығу Тарабына жүктеледі. Комитет, егер бастамашы ретінде мемлекет өзі болмаса, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімін жүзеге асыру қызметінің бастамашысына тапсырма беру орынсыз болушы еді деген пікір білдірді. «Бұл аспект ҚОӘБ туралы толық және соңғы құжаттамаға қолжетімділік үшін түпнұсқаның тілінде немесе тілдерінде сәйкес рәсім аяқталмас

бұрын және қатысы бар Тарап қоғамына соңғы шешім туралы мәлімделген уақыттан бұрын мүмкіндік беру үшін олардың жауапкершілігін толықтырады. Сонымен қатар, авторлық құқықты қорғау жүйесі ҚОӘБ туралы барлық құжаттамаға қоғамның қолжетімділігін болдырмауға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырылмау керек» (ECE/MP.EIA/IC/2010/4, 20 тармақ).

### 3.9. Құжаттаманы тапсыру және тарату

Комитет Конвенцияның 4 бабының 2 тармағында айтылған ҚОӘБ бойынша құжаттаманы тапсыру және тарату туралы мәселені қарады. Комитет «осы ереже көпжақты және екіжақты келісімдерде есепке алынуын ұсынды және оны түсіндіру бойынша басқару нұсқаулары қажет болуы мүмкін екендігімен келісті» (IV/2 шешім, III қосымша, 30 тармақ<sup>16</sup> және ECE/MP.EIA/WG.1/2006/3 8-сессиясының баяндамасы, 11 тармақ).

### 3.10. Қоғамның қатысуы

Комитет қоғамның қатысуы трансшекаралық ҚОӘБ ажырамас бөлігі болып табылатындығын атап өтті. Сондықтан Комитет Тараптарды әрбір нақты жағдайда және көпжақты және екіжақты келісімдерде қоғамның қатысуына қатысты жауапкершілікті нақты белгілеуге насихаттады (IV/2 шешім, III қосымша, 31 тармақ).

Конвенция шеңберінде қоғамның қатысуын ұйымастыру үшін жауапкершілік сәйкес ұсыныстар енгізетін тұлғаларға емес, құзыретті органға артылады. Дегенмен, ұлттық жүйелер шеңберінде белгілі ұсыныс енгізетін құзыретті органдар мен тұлғалар қоғамның қатысуын бірігіп ұйымдастыра алады. Алайда сәйкес ұсыныс енгізетін тұлғалар қоғамның қатысуы үшін құзыретті органсыз өздері жауапты болмау керек.

Тараптың құзыретті органы қатысы бар Тараптың құзыретті органына қоршаған ортаға әсерді трансшекаралық бағалау рәсiмiнде қатысы бар Тарап қоғамының тиiмдi қатысуын қамтамасыз етуде қолдау көретуi керек.

### 3.11. Консультациялар

Комитет ұсынды:

а) егер мүдделі Тараптар осы мәселелерді қамтитын көпжақты немесе екіжақты келісімдерді жасамаса, ҚОӘБ трансшекаралық рәсімдерін жүргізудің бастапқы кезеңінде хабарлама жіберу кезінде немесе оған жауап жібергенде 5 бапқа сәйкес консультациялар мерзімдері мен құралдарына қатысты келісімге келеді;

б) Тараптар Конвенцияны тәжірибелік пайдалану бойынша Нұсқаулыққа сүйенді (ECE/MP.EIA/8, 2.9 тарау)" (ECE/MP.EIA/IC/2009/2, 24 тармақ).

<sup>16</sup><http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2008/eia/ece.mp.eia.2008.4.r.pdf> п.30.

Комитет 5 бапта ҚОӘБ бойынша құжаттаманы дайындаудан кейінгі нақты консультациялар жүргізілетінін атап өтті (ECE/MP.EIA/IC/2009/2, 25 тармақ).

### 3.12. Соңғы шешім

Комитет Тараптар нормативтік база шеңберінде талап етілетін көптеген шешімдердің қайсысы Конвенция мақсаттары үшін соңғы шешім ретінде қарастырылуы керек екенін шешуге ерікті болса да, олардың осыған қатысты таңдау еркіндігі берілген қызмет түрін жүзеге асыруға арналған экологиялық жағдайларды шынайы орнататын шешімдермен шектеледі деп еесптейді (ECE/MP.EIA/10, IV/2 шешім, I қосымша, 61 тармақ).

Комитет егер қандай да бір шешімге қосылған талаптар соңында басқа шешімдер негізінде өзгертілуі мүмкін болса, бірінші шешім Конвенцияның ережелерінің мәні бойынша «соңғы шешім» ретінде қарастырылмайды деп санайды (ECE/MP.EIA/IC/2009/2, 21 тармақ).

Комитет оңтайлы тәжірибеге қатысты Тараптарға келесі ұсыныстарды мақұлдады:

а) Конвенцияны тәжірибелік пайдалану бойынша нұсқаулықта ұсынылатындай, шағым беру мүмкіндіктері туралы ақпарат шығу тарабымен соңғы шешімге қосылу керек. Бұл көптеген Тараптарда заңды талап болып табылады;

б) мүдделі Тараптар ҚОӘБ рәсімдерін жүргізу мерзімінен кешіктірмей соңғы шешім тапсырылатындығы туралы мәселені келістіруі керек, егер тапсырылатын болса қандай да бір нақты жағдайларда толығымен немесе ішінара келістіріледі;

с) соңғы шешім барлық жағдайда басылған құжат түрінде ұсынылуы керек, ал егер қатысы бар тарап сұраса, соңғы шешім электронды түрде де жіберілуі керек (ECE/MP.EIA/IC/2009/2, 26 тармақ).

### 3.13. Жобадан кейінгі талдау

Конвенцияның 7-бабы трансшекаралық мазмұндағы ҚОӘБ кезеңдерінің бірі - жобадан кейінгі талдауда қарастырады. Көптеген елдердің ұлттық заңнамаларында ҚОӘБ бұндай кезеңі болмағандықтан (қазіргі таңда Қазақстанда да), осылайша қазіргі уақытқа дейін шешілмеген және саралау жағдайындағы қайшылықтар туындады.

Поскольку в национальных законодательствах многих стран такой этап ОВОС отсутствует (как в настоящее время и в Казахстане), то возникла коллизия, которая до настоящего времени не разрешена и находится в состоянии анализа.

### 3.14. Екіжақты және көпжақты қызметтестік

Екіжақты және көпжақты келісімдердің маңызын мойындай отырып, Комитет Тараптарға екіжақты келісім орынсыз болған жағдайларда екіжақты басқарушы

нұсқаулар, біріккен декларациялар және өзара түсіністік туралы меморандум сияқты ресми емес келісулерді жасау мүмкіндігін қарауды ұсынды. (ECE/MP.EIA/IC/2010/2, 18 тармақ).

#### 3.14. Есептілік

Комитет алғаш рет өзінің екінші сессиясында есептілікке қатысты заңды міндеттемелердің болуы туралы мәселені қарастырды. «Есептілікті ұсынуға қатысты қандай да бір құқықтық міндеттеме болмағандықтан, Комитет ол есептілікке қатысты сақтау туралы мәселені қарай алады деп шешті». Алайда нәтижесінде Тараптар мәжілісі Конвенция бойынша есептілікке қатысты міндеттемені қарастыратын түзетуді қабылдады және бұл Комитеттің алтыншы сессиясында Комитеттің позициясының өзгеруіне әкелді.

3.15. Конвенцияны жеке Тараптардың міндеттемелерді сақтамау фактілері бөлімінде сақтауды қарау.

Тараптардың IV\2<sup>17</sup> шешімінде 2008 жылы Конвенция міндеттемелерін орындамаудың екі жағдайы белгіленді:

1. Украинада «Быстрый» арнасында тереңдетілген жұмыстардың басталуы туралы уақытында хабарламауына байланысты Румыниямен қиындықтар пайда болды. Украинаға келесі ұсыныстар жасалды:

- Ұлттық заңнаманы конвенция міндеттемелерімен сәйкестендіру,
- Хатшылықтың қаржылық және сараптамалық қолдауында ұлттық заңнаманың сәйкессіздігінің талдауын жүргізу,
- Конвенция контекстінде белгілі елдермен қызметтестік ету туралы екіжақты және көпжақты келісім жасау.

2. Арменияға қатысты, Конвенция ұлттық заңнаманың жеке ережелерінің Конвенция міндеттемелеріне сәйкессіздігі белгіленген. Хатшылықтың қаржылық және сараптамалық қолдауында Арменияға қоршаған ортаға трансшекаралық әсерді бағалау бойынша сараптамалық жобаны жүзеге асыру және Конвенцияны жүзеге асыруда қолдау ретінде Грузиямен екіжақты келісімді әзірлеу ұсынылды.

#### **Конвенцияға түзетулер**

Конвенцияға Бірінші түзету және Екінші түзету деген атпен түзетулердің екі тобы енгізілді.

##### 4.1. Бірінші түзету<sup>18</sup>

Үш толықтырудан тұрады:

<sup>17</sup><http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2008/eia/ece.mp.eia.2008.4.r.pdf>

<sup>18</sup><http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2001/eia/mp.eia.2001.14.r.pdf>

1. Конвенцияның 1 бабында «қоғам» терминінің анықтамасы «қауымдастықтар, ұйымдар және топтар» деп кеңейтілді. Толықтырудан кейінгі 10 тармақтың мәтіні: «Қоғам» дегеніміз бір немесе бірнеше жеке және заңды тұлғалар және ұлттық заңнамаға немесе тәжірибеге сәйкес олардың қауымдастықтары, ұйымдары және топтары».

2. 17 баптың 3 тармағына келесі толықтыру енгізілді: «Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып табылатын, жоғарыда 2 тармақта көрсетілмеген кез келген басқа мемлекет Тараптар мәжілісінің келісімімен конвенцияға қосыла алады». Яғни БҰҰ ЕЭК кірмейтін елдер үшін Конвенцияға кіру мүмкіндігі ашық.

3. 17 баптың соңында жаңа тармақ қосылды: «Осы Конвенцияны ратификациялайтын, қабылдайтын немесе мақұлдайтын кез келген мемлекет Тараптардың екінші мәжілісінде қабылданған П\14 шешіміндегі Конвенцияға енгізілген түзетуді ратификациялаған, қабылдаған немесе мақұлдаған деп есептеледі. Бұл ретте түзетуді қабылдау кезінде Конвенция Тараптары болып есептелетін барлық мемлекеттер Конвенция үшін де орындалған Үкіметпен және Заң шығарушымен бекіту рәсімі бойынша Түзетулерді қосу және ратификациялаудың ресми рәсімінен өту керек.

#### 4.2. Екінші түзету<sup>19</sup>

Сондай-ақ бірнеше толықтырулардан тұрады. Негізгі толықтырулар:

1. Егер шығу Тарабы ҚОӘБ бойынша құжаттаманың мазмұнын анықтау мақсаттары үшін қандай да бір рәсімді жүзеге асыруға ниеттенсе, қатысы бар Тарапқа осы рәсімде қатысу мүмкіндігін беру керек.

2. 8 бапқа көпжақты және екіжақты келісімдерде Тараптардың әрекеттерінің негізі ретінде Хаттама ұғымы енгізілген.

3. 11 бап Тараптардың Конвенцияға хаттамалар жобасын дайындау құқығы, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін қосалқы органдар құру туралы екі тармақпен толықтырылған. Сөйтіп СӘБ Хаттамасы үшін заңды негіз жасалды.

4. Конвенцияға түзетулер енгізуге орай, ену мерзіміне қатысты 14 баптың 4 тармағына толықтыру енгізілді «депозитарий қабылдау кезінде кем дегенде Тараптардың төрттен үш бөлігінің оларды ратификациялау, мақұлдау немесе қабылдау туралы хаттама алған күннен бастап 90-шы күнде».

5. Редакция өзгертілді және Конвенцияға 1 Толықтыру кеңейтілді «Қызмет түрлерінің тізімі». Толықтырылды:

- химиялық заттарға арналған құбыр жолдарымен,

---

<sup>19</sup> <http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2004/eia/mp.eia.2004.8.r.pdf>

- қауіпті қалдықтарды жағу және қайта өңдеу бойынша қондырғылармен,
- ағынды суды тазалауға арналған қондырғылармен,
- құстар мен шошқаларды өсіруге арналған қондырғылармен,
- өзен алаптары арасындағы су қорларын аудару арқылы,
- электр беру желілерімен және
- жел электр станцияларымен.

6. Тараптардың үшінші мәжілісінде қабылданған Конвенцияға енгізілген екінші түзету 14-бис бабына есептілікті ұсынуға қатысты міндеттемелерді енгізуді қарастырады: Тараптарға қандай жиілікпен тұрақты есептілікті ұсынып тұру қажет, сондай-ақ тұрақты баяндамаларға енгізуге жататын ақпарат туралы. Осыған байланысты болашақтағы баяндамалардың ұсынылмауы немесе дұрыс емес ақпараттың жіберілуі ережелерді сақтау туралы мәселе ретінде қарастырылуы мүмкін (MP.EIA/WG.1/2005/3, 8 тармақ).

#### **Ратификациялану жағдайы**

2014 жылдың қыркүйек айына қарағанда Эспоо Конвенциясын Еуропалық экономикалық комиссиясының 56 елінен 49, Стратегиялық экологиялық бағалау туралы Хаттаманы – 26 ел ратификациялады, оған 38 ел қол қойған. Бірінші және Екінші түзетулерді 24 ел ратификациялады.

Түзетулерді ратификациялаған елдердің тізімі толықтай келеді. Бұл дегеніміз, яғни бірінші және екінші түзетулерді ратификациялау 3 жыл айырмашылықпен (2001 және 2004 жж.) енгізілгендігіне қарамастан, түзетулерді ратификациялау елдерде бір мезгілде болғандығын куәләндырады.

Қазақстан тек Конвенцияны ғана ратификациялады. Егер Үкіметпен СЭБ Хаттамасын ратификациялау шешімі қабылданатын болса, онда СЭБ Хаттамасын ратификациялау үрдісін бірінші және екінші түзетулермен біріктіру орынды.

ТМД елдерінің бірде бірі түзетулерді әлі ратификацияламады. Іргелес елдердің ішінде құжаттарды келесі елдер ратификациялады:

Ел	Конвенцияға қол қойылды	Конвенцияны ратификациялады	I түзетуді ратификациялады	II түзетуді ратификациялады	СЭБ Хаттамасын ратификациялады
Қазақстан	–	2001	–	–	–
Ресей	1991	–	–	–	–

Қырғызстан	–	2001	–	–	–
Өзбекстан	–	–	–	–	–
Түрікменстан	–	–	–	–	–
Қытай	–	–	–	–	–

Ресей Конвенцияға 1991 жылы қол қойды, алайда осы уақытқа дейін ратификацияламады.

Қырғызстан – Конвенцияны 2001 жылы ратификациялады.

Өзбекстан–Конвенцияға қол қоймады және ратификацияламады.

Түрікменстан - Конвенцияға қол қоймады және ратификацияламады.

Қытай – БҰҰ ЕЭК құрамына кірмейді, соның салдарынан Конвенцияға қол қоймады және ратификацияламады.

Конвенцияны ратификациялаудың осындай жағдайы және оның іргелес елдердегі құжаттары түзетулерді және СЭБ Хаттамасын ратификациялауға Қазақстан үшін елеулі ынталандыру жасамайды. СЭБ Хаттамасына қатысты жергілікті басқару жүйесін дамыту қажеттіліктері контекстіндегі ұлттық деңгейде жоғары ынталандыру бар (VII бөлімді қараңыз).

#### 4.2 БҰҰ ЕЭК конвенцияларының синергизмі

Тараптар мәжілісі Еуропа экономикалық комиссиясының басқа конвенцияларының және осы конвенцияларға хаттама синергизмі<sup>20</sup> туралы мәселелерді қарауға тартылды. Атап айтқанда, 2001 жылғы<sup>21</sup> П/5 шешімде «ЕЭК табиғатты қорғау конвенцияларының элементтер мен байланыстардың жалпы қатары бар» екенін атап, Тараптар «...нақты әрекеттерге қатысты синергизмге жетудің басқа мүмкіндіктерін анықтау және ұсыныстар енгізу мақсатында ЕЭК конвенцияларының арасындағы байланысты зерттеуді жалғастыруды» қаулы етті<sup>22</sup>.

Құжатта<sup>23</sup> (113 беттегі кесте) баптардың толық салыстыруы келтірілді:

1. трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ туралы Конвенциялар,
2. трансшекаралық апаттар туралы Конвенциялар,
3. трансшекаралық сулар туралы Конвенциялар,

<sup>20</sup> «Синергизм» термині берілген мәтінде «біріккен және үйлестірілген пайдалануда және дамытуда басқару құралдарының өзара күш салуы және тиімділігінің көтерілуі» деген мағынаны білдіреді.

<sup>21</sup> <http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2001/eia/decision.II.5.r.pdf>

<sup>22</sup> сол жерде, 2 тармақ

<sup>23</sup> сол жерде 113 бет



4. қоғамның қатысуы туралы Орхус Конвенциялары, және
5. 97/11/ЕС бағыттамасының түзетулерімен ҚОӘБ85/337/ЕЕС туралы ЕО бағыттамасы.

Келесі позициялар бойынша жоғарыда аталған заңдық құжаттардың тұтастығы:

- трансшекаралық суларды экологиялық қауіпсіз пайдаланылуын камтамасыз ету бойынша талаптар,
- іргелес елдерге зақым келтіруге жол бермеу,
- құралы қоршаған ортаға әсерді бағалау және экологиялық сараптама болуы керек ықтимал қатерді анықтайтын ескертпелі сипаты,
- мұндай әрекеттер ескертпелі сипатқа ғана ие болудан басқа су алаптарын суды пайдалану және ластау көздерінен ластану жағдайын зерттеудің қажет екендігін мойындау,
- зерттеу құралдары болып гидро-экологиялық және гидрологиялық мониторинг, сондай-ақ ҚОӘБ кезеңінде бағалаудан өткен жаңа объектілерге де, бар объектілерге де қатысты жобадан кейінгі нәтижелер талдауын жасау зерттеу құралдары болу керек,
- барлық құқықтық актілер Орхус конвенциясының қоғамның ақпаратқа, шешім қабылдауға және әділ сотқа қолжетімділігі туралы міндеттемелермен тығыз байланысты.

Тараптардың тапсырмасын есепке алып, синергизм контекстінде - қоғам және байланыстар логикасында алдағы талдауды жалғастыра отырып, келісімдер қатарын тағы кеңейту қажет:

6. Стратегиялық экологиялық бағалау туралы хаттама (СЭБ); ол анықтамасы бойынша Конвенцияның міндеттемелерін тиімді жүзеге асыру мүмкіндігін нығайтатын құрал ретінде қарастырып отырған Конвенциямен синергиялық байланыста,

7. 1992 жылғы трансшекаралық суларды және халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану бойынша Конвенцияға және 1992 жылғы өнеркәсіптік апаттардың трансшекаралық әсері туралы Конвенциясына трансшекаралық суларға өнеркәсіптік апаттардың трансшекаралық әсерімен келтірілген залал үшін азаматтық жауапкершілік туралы хаттама. Хаттама тоқтатылуы ҚОӘБ кезеңінде болжануы керек апаттардан түскен залалдың өтелу әдіснамасын және процесін нақтылайды; берілген хаттама екі «аналық» конвенциялардың логикалық жалғасы және байланыстырушы құралы болып табылады,

8. ауаның үлкен қашықтыққа трансшекаралық ластануы туралы Конвенция; ол ауаның ластануының трансшекаралық ерекшелігіне қатысты болады, алайда әдіснамалық тұрғыда және рәсімдік тұрғыда ластаушының миграциялауының басқа ортасында болса да осы Конвенцияның баламасы болып табылады,

9. Қалдықтар мен ластаушыларды тасымалдаушы тізілімі туралы хаттама - Орхус конвенциясы және Ауаның трансшекаралық ластануы туралы конвенциялардың логикалық жалғасы және байланыстырушы құралы болып табылады.

Бірге талданатын халықаралық келісімдердің мұндай ауқымында олардың тұтастығы мен өзара байланысы ғана емес, сонымен қатар оларды жүзеге асыру құралдарының бірлігі де анық болады.

Сол арқылы аталған құқықтық актілерді талқылау қатарына суды пайдалануды және су мен ауа хауыздарын ластауды ұлттық басқару жүйесі енгізіледі, ал ҚЛТТ талдауы су және ауа хауыздарын ластау көздерінің бірі ретінде қалдықтар талдауын және басқаруды тартады.

Бұл түсініктер келесілерді өзекті қылады:

1. Жоғарыда аталған халықаралық келісімдерді басқару бойынша бірыңғай сараптамалық және мекемеаралық топтарды құру.

2. Халықаралық келісімдердің деректер міндеттемелерін орындаудың ұлттық әлеуетін дамытудағы қажеттілік талдауы.

#### **4.3 Табиғатты қорғау қызметін басқарудың ұлттық жүйесі - халықаралық келісімдердің міндеттерін орындау әлеуетінің негізі**

БҰҰ ЕЭК Конвенциялары еуропалық табиғатты қорғау заңнамасы негізінде ХХ ғасырдың 80 жылдары құрылған түрінде әзірленді. Оларды әзірлеудің ең бірінші себептерінің бірі халықаралық қауіпсіздік факторы ретінде трансшекаралық мәселенама болғандықтан, бұл конвенцияларға осы тұрғыда негізгі болып есептелетін Еуропа Одағының жетекші елдерінің бірыңғай, жүйелі және тұтас заңнамасының сегменттері енгізілді.

Конвенция міндеттемелерінің сақталуы, оларды жүзеге асырудың қалыпты құралдары бар осы елдер үшін рәсімдік және тәжірибелік деңгейде Конвенция міндеттемелерін сақтау ешқандай қиындық туғызбайды. Заңнамасы белгілі бір позициялар бойынша ЕО елдерінің заңнамасынан ерекшеленетін ТМД елдеріне қосылу үшін Конвенция ұсынылғанда, бұл елдер еуропалық сараптамашылардың қолдауымен қосылу барысында рәсімдік міндеттемелерді талдауға ұшыратты, оларды орындау үшін жарамды деп мойындады және Конвенцияға қосылды. Бұл ретте көбінесе Конвенция

міндеттемелерін сақтау талаптарына қалыпсыз болып келетін жүзеге асыру құралдары талдаудан тыс қалды.

Трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ конвенциясының міндеттемелерін тәжірибелік жүзеге асыру қажеттіліктеріне сәйкес қазақстандық заңнаманың Еуропалық Одақ заңнамасынан айырмашылығы су (және кеңірек қарастыруда) - ауа алаптарының ластануын жергілікті басқарудағы әдіснаманың болмауында болып табылады.

#### 7.1. Жергілікті реттеу жүйесі

Өзінің жергілікті реттелуінде белгілі ұйымдастырылған көздерге арналған шекті-ұйғарынды қалдықтар (ШҰҚ) нормативтерінің әдіснамасына негізделеді. Тазартылған ағынды сулардың қабылдаушы су қоймасындағы ластаушы заттардың нақты шоғырлану деңгейлерінің, сондай-ақ ағынды сулардағы ұйғарынды шоғырлану деңгейлерінің есептері шекті ұйғарынды шоғырлану (ШҰШ) нормативтерін пайдалану арқылы жүргізіледі.

ШҰҚ нормативтерінің әзірлеу процесінде шаруашылық қызмет жобаларының құрамына «кіруде» (негізгі ластаушы заттар кешенінің фондық шоғырлануы анықталады) және «шығуда» (қабылдаушы су қоймасының су ағынында ағынды сулардың араластырылуымен сипатталатын шоғырлану анықталады) мониторингтің гидрохимиялық бекеттер арасында бекітілген өзен хауызының кішкентай бөлігі қарауға тартылады.

Бұдан әрі берілген жоба құрамында судың сапасы және ластаушы заттармен түр өзгерісі (араласуы, құрылымын өзгертуі, лайлануы) зерттелмейді. Қолданыстағы жергілікті мониторинг құрамында тек шоғырланулар ғана белгіленеді, өйткені бұл сипаттамалардың тұрақты зерттеуі жүргізілмейді. Ал миграцияны болжау және шоғырлануды өзгерту қажеттіліктері әр алаптағы өзгерістермен де, осындай өзгерістерді тіркеу және жорамалдарды әзірлеу бойынша әдіснамалық нұсқаулармен де қамтамасыз етілмеген.

Әдетте, бытыраған (араласқан) қалдықтардың әсері - елді мекендер, мал фермасы және жайылымдар, коллекторлы сусінгіш ағындар және жоғары ластанған және геохимиялық фон территорияларынан жерасты суларын алып шығу мониторингпен ескерілмейді. Қазақстанда су жиналатын аумақтардың үлкен көлемін, сондай-ақ ұйымдастырылған қалдықтардың аз саны мен көлемін есепке алғанда жинаудың дәл осы санаты ең ықпалды болып табылады.

ҚОӘБ жүргізу бойынша нұсқаулықта<sup>24</sup> осындай зерттеулер түрін жүргізу туралы талаптар бар, алайда «..барынша жақындалған қадағалау жармаларын пайдалану арқылы»<sup>25</sup> бұл талапты алаптың жергілікті учаскесіне алып келеді.

Ұйғарынды тоған көлемдеріне қатысты «суағарды қосымша реттеусіз табиғи режимде үстіңгі көзден нормативті негізделген көлемін шығару мүмкіндігін бағалау»<sup>26</sup> жүргізіледі, бұл тек алаптық ауқымда ғана мүмкін болады.

Кеңірек контекстінде ҚОӘБ нұсқаулығы зерттеу ауқымдарын көрсетпей де ауа, топырақтың ластануының, қалдықтардың ластау әсерінің зерттеуін жүргізуді талап етеді. Тек әлеуметтік экономикалық ортаға қатысты жобаның кәсіпорын жұмысшыларына ғана әлеуметтік-экономикалық әсерін болжаумен ғана шектелмей, «жоспарланатын объектінің табиғатты жергілікті-аймақтық пайдалануға әсерін» зерттеу талабы көрсетілген.

ҚОӘБ нұсқаулығы «қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздік мәселелерін реттейтін нормативтік және нұсқаулық-әдіснамалық құжаттаманың ... аймақтардың, облыстардың және қалалар мен елді мекендер құрылыстарының құрылысын дамыту ... концепциялары, дамыту бағдарламалары немесе салаларының» әсер етуінің бағалауын жүргізуді талап етеді.

Қазақстандағы аталған позициялардың ешқайсысы ҚОӘБ рәсіміне ұшыраған жоқ - оның ең бірінші себебі қазақстандық басқару жүйесінде табиғатты қорғау қызметін жергілікті басқару жүйесінің болмауы болып табылады. Сонымен қатар, заңнамада оның кей бастамалары бар. Су қорларын басқаруда бұл – жергілікті гидрологиялық және гидрохимиялық мониторинг, сондай-ақ Су қорларын кешенді пайдалану және қорғау сызбаларын (СҚКПҚС) әзірлеу әдіснамасы.

Ұлттық Бурабай паркіндегі фонды ластану мониторингінің жалғыз станциясын есептегенде, Казгидрометтің барлық бақылау бекеттері тек елді мекендерде шоғырланғандықтан, ауаның ластануының жергілікті мониторингі жоқ екендігін атап өткен жөн.

Сонымен, қолданыстағы жергілікті су мен ауаның ластануын басқару жүйесі ауаның үлкен қашықтыққа трансшекаралық ластануы туралы Конвенциясы сияқты, трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ туралы Конвенцияның талаптарына толыққанды жауап бермейді. Нақтылықтың жеткілікті мөлшерімен реттеудің жергілікті

---

<sup>24</sup> Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2004 жылғы 28 ақпандағы № 68-П «Жоспаралды, жобаалды және жобалық құжаттаманы әзірлеу кезінде жоспарланып жатқан шаруашылық және басқа қызмет әсерінің бағалауын жүргізу бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығы.

<sup>25</sup> сол жерде, 25.2.5 тармақ.

<sup>26</sup> сол жерде, 25.2.7 тармақ.

әдіснамасының шеңберінде әсер туралы Қырғызстандағы Андаш кеніндегі жағдай сияқты шекарадан жеткілікті қашықтықта объектіні белсенді ластау аймағы жойылған жағдайда ғана сапалы деңгейде белгілеуге болады<sup>27</sup>. Объект апатсыз жұмыс істейді деген шартпен, объектінің шекарадан мұндай алыстығында әрине ешқандай қауіп төнбейді.

Ықтимал апаттық ластаулар шекараға және іргелес мемлекетке жетуі мүмкін жағдайларда қолданыстағы реттеу жүйесінде жоқ болжау ақпараты және әдіснамасы қажет болады.

Қоршаған ортаны зиянды әсерден қорғаудың трансшекаралық мәселенамасы ұлттық, атап айтқанда жергілікті басқару жүйесінен ерекше жағдай болып табылатындығы туралы пікір дұрыс болып табылады.

## 7.2. Жергілікті реттеу жүйесі

Су алаптарының ластануын реттеудің, атап айтқанда трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ қоса есептегендегі трансшекаралық реттеу рәсімдерінің жергілікті жүйесінің негізін су қорларының Сапасының мақсатты көрсеткіштерінің (СМК) әдіснамасы құрайды.

Ол келесі құралдардан тұрады<sup>28</sup>:

- Берілген алаптағы ластанған ағынды, жерүсті және жерасты суларының қалдықтарының барлық көздерінің түгенделуі,
- Гидрологиялық, гидрохимиялық және гидробиологиялық мониторингтің дамыған жүйесі,
- Фонды шоғырлануды орнату, ластанудың араласқан көздерінің салымы, лайлану қарқындылығы және ластау заттарының араласуы, ағынның соңғы облысына қалдықтардың және тоғандардың әсері бойынша әр алапта және оның әр ірі бөлігінде зерттеулер жүргізу.
- Халықтың денсаулығын сақтау және түрлі шоғырланудан қорғайтын гидробионттар үшін басым ластайтын заттарды анықтау және қауіпті есептеу,
- Бизнес, жергілікті және орталық билік жауапкершілігі бөлігінде суды қорғау шараларын жүргізуде техникалық жағдай және қажеттіліктер туралы деректерді жалпылау,
- Күштілігі ластану деңгейімен және тәуекелдермен де, қаржыландырудың түрлі көздерінің болжалды инвестициялық мүмкіндіктерімен салыстырылған ластанудың

---

<sup>27</sup> Андаш кен орнының ҚОӘБ бойынша қоғамдық экологиялық сараптамасының қорытындысы. [http://www.ekois.net/wp/wp-content/uploads/2012/10/OVOS\\_Andash\\_project\\_Emas\\_expertise\\_oct\\_20121.pdf](http://www.ekois.net/wp/wp-content/uploads/2012/10/OVOS_Andash_project_Emas_expertise_oct_20121.pdf)

<sup>28</sup> Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы реформалау тұжырымдамасы, 2005 жыл.

кезеңдік төмендеу деңгейіне бағытталған мақсатты жобалармен суды қорғау шараларының алаптық бағдарламаларын жоспарлау,

- ШҰҚ/ШҰШ әдіснамасында кезеңдік жоспарлау болмағандықтан, бірінші қатарға барлық суды пайдаланушылар сақтауы қажет аралық СМК басқарушы критерийлер ретінде шығарылады; ШҰҚ/ШҰШ әдіснамасын тек қалдықтарында радиобелсенді және канцерогенді заттар бар кәсіпорындар ғана пайдаланады.

- Суды пайдаланушылар ағынды суларды тазартатын технологияларды таңдаған кезде әдетте жалпы тазалаудың үш технологиясымен және берілген жағдай үшін «шектен тыс шығынды талап етпейтін ең жақсы қолжетімді технологиялар (ЕЖҚТ)» болып есептелетін арнайы заттарға арналған жергілікті технологиялардың белгілі санын басшылыққа алады.

Су қорларын реттеудің мұндай әдіснамасы су алаптарының барлық кезеңдерінде әрекет етеді, сәйкесінше ең алдымен ұлттық басқару жүйесінің қажеттіліктерін қамтамасыз етеді, сондай-ақ трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ туралы Конвенцияның міндеттемелерін орындау мақсатында пайдаланылады.

Реттеудің кеңірек контекстісіне сәйкес СМК және ЕЖҚТ әдіснамасы да пайдаланылады, бұл туралы ауаның үлкен қашықтыққа трансшекаралық ластау туралы Конвенцияның 6 бабында айтылған.

Тапсырма шеңберінде<sup>29</sup> Конвенция Тараптарына сәйкес зерттеулер жүргізілуі мүмкін. Алайда ұлттық басқару жүйесінің баламалығына бекітілген тәжірибелік мәселенаманың даму мүмкіндігін скептикалық тұрғыда бағалау қажет.

Әрбір Конвенция және олардың Хаттамалары оларды жүзеге асыру құралдарын сыртта қалдырып, рәсімдік мәселенаманың тар қатарын регламенттейді, өйткені Тараптар конвенция міндеттемелерінің заңды шектерімен шектелген және олардан шыға алмайды. Егер мұндай құралдарды халықаралық келісім міндеттемелерінің заңдық ортасына қоспаса, мұндай жағдай СЭБ хаттамасымен болған жағдай орын алады, өйткені стратегиялық экономикалық бағалау жергілікті реттеу әдіснамасына арналған.

Бұл түсінік осындай зерттеулердің ұлттық деңгейде жүргізілуін орынды етеді, өйткені жоғарыда айтылғандай, басқарудың қалыпты құралдарын дамытудағы ұлттық ынталандыру трансшекаралық ынталандырудан неғұрлым жоғары болады.

---

<sup>29</sup>Тұжырымдамада: «Трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ рәсімінің әмбебаптығын және оның басқа конвенциялардың рәсімінде және халықаралық келісімдерде пайдаланылуын есепке ала отырып, ҚОӘБ бойынша жұмыс тобына басқа табиғатты қорғау конвенцияларымен синергизм саласын анықтау ұсынылды» <http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2004/eia/mp.eia.2004.4.r.pdf>

Қазақстан ТМД және ШЕКОА барлық елдері сияқты «ЕО қызметтестік туралы келісімде» мақсат қойды – «заңнамасын ЕО заңнамасымен жақындату» және Киевте өткен «Еуропаға арналған қоршаған орта» конференцияға қатысу арқылы осы мақсатын растады. Алайда заңнаманың басталған реформалануы, 2007 жылғы Экологиялық кодекске енгізілген шекті ережелер қазіргі уақытта тоқтатылды.

**2013-2014 жылдар кезеңінде трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы конвенциясын жүзеге асыру бойынша баяндамаға (Қазақстан) сұраулық**

**Конвенция бойынша координациялық орталықтар туралы ақпараттар**

1. Атауы және байланыс ақпараттары.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, 14 кіреберіс.

**Конвенция бойынша байланысу пункттері туралы ақпараттар**

2. Атауы және байланыс ақпараттары (жоғарыда аталғандардан ерекше болса ғана).

ҚР Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және басқару комитеті

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8 үй, 14 кіреберіс.

**Баяндаманы дайындауға жауапты тұлға жөнінде ақпарат**

3. Мемлекет: Қазақстан Республикасы

4. Тегі: Нұғыманова

5. Аты: Толқын

6. Мекеме: Энергетика министрлігі

7. Пошталық адресі: Астана қаласы, Министрліктер үйі, Орынбор көшесі 8

8. Электронды пошта адресі: [t\\_nugumanova@eco.gov.kz](mailto:t_nugumanova@eco.gov.kz)

9. Телефон нөмірі: +7 7172 74 08 89

10. Факс нөмірі: +7 7172 74 08 09

11. Баяндаманы дайындау уақыты:

**Бірінші бөлім**

**Конвенцияны жүзеге асырудың бүгінгі құқықтық және әкімшілік шектері**

12. Бұл бөлімде алдыңғы баяндамадағы ақпаратқа кез-келген түзетулер енгізу немесе ақпаратты ұсынуға сұраныс. Конвенция ережелерін жүзеге асыру мақсатында сіздің елдегі қолданыстағы құқықтық, әкімшілік және өзге шараларды сипаттаңдар. Бұл бөлімде қолдану барысындағы елдегі Конвенцияны орындау шектерін сипаттау керек.



## 2-бап

### Жалпы ережелер

13. Конвенция ережелерін жүзеге асыру мақсатында сіздің елде қабылданып жатқан жалпы заңнамалық, әкімшілік және өзге шараларды атаңыздар (2-баптың 2-тармағы).

- 2000 жылғы 21 қазандағы «Қазақстан Республикасының трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы конвенциясына қосылуы жөніндегі» № 86-II ҚР заңы;

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, бекітілген;

- 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияны ратификациялау туралы» № 97 ҚР Заңы;

- 2007 жылы 28 маусымда Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің бекіткен «Жоспар алды, жоба алды және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде қоршаған ортаға болжанған шаруашылық және өзге де қызметтің әсеріне бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулық» № 204-п бұйрығы;

- 2007 жылғы 7 мамырда Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 135-п бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тыңдаулар жүргізу ережелері»;

-- Трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалау туралы конвенциясын практикалық қолдану бойынша нұсқаулық;

- Трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалауға жұртшылықтың қатысуы бойынша нұсқаулық;

- Орталық Азия елдері үшін трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу бойынша нұсқаулық.

14. Жақын болашақта қабылдану жоспарланып отырған Конвенция ережелерін жүзеге асыру бойынша алдағы кез-келген шараларды көрсетіңіз.

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2007 жылғы 7 мамырдағы № 135-ө бұйрығына өзгерістер енгізу жоспарлануда. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2007 жылдың 30 мамырында № 4687 тіркелген, соңғы редакциясы 2013 жылдың 26.03. <http://aarhus.kz/wp-content/uploads/2013/08/%>

15. Мемлекет ішіндегі трансшекаралық мазмұнда қоршаған ортаға әсерін бағалаудың жүзеге асуына жауап беретін құзырлы түрлі органдарды атаңдар.

Орталық Азия мемлекеттері үшін трансшекаралық мазмұндағы қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 5-тарауына сәйкес

*Құзыретті органмен жоспарланып отырған қызметтің бастамашысымен бірлесе қызметті жоспарлау кезінде жоспарланып отырған қызмет конвенция ықпалына түсіп қала ма екендігі анықталады. Траншекаралық әсердің болуы анықталған жағдайда Құзыретті орган Хабарлама рәсімін орындау туралы шешім шығарады. Қызметтің бастамашысы Хабарлама рәсімін орындауға кіріседі.*

*Конвенцияның 1-бабының IX) тармағына сәйкес «Құзырлы орган», ұлттық органды немесе Конвенция қамтитын міндеттерді орындау үшін жауапты ретінде сол немесе өзге тарап тағайындайтын және (немесе) сол немесе өзге Тарап жоспарланатын қызметке қатысты шешімдерді қабылдау жөніндегі өкілеттіктерді жүктейтін органды (органдарды) білдіреді.*

*Сонымен бірге, Кодекстің 48-бабына сәйкес Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады. Бұл ретте Мемлекеттік экологиялық сараптаманы I санат объектілеріне - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, II, III және IV санат объектілеріне - облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.*

*Осыған байланысты, ҚОӘБ рәсімін іске асыруға уәкілетті орган және өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптама өткізуші жергілікті атқарушы органдар жауапты.*

16. Сіздің еліңізде трансшекаралық ҚОӘБ барлық жағдайлары бойынша ақпараттар жинаумен айналысатын қандай да бір орган бар ма? Егер болса, оны көрсетіңдер.

*ҚР Қоршағанортаминің Экологиялық реттеу және басқару комитеті трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ бойынша әрекет ететін органдар болып табылады.*

17. Сіздің еліңізде трансшекаралық жобалармен бірге байланысты (мысалы, жол құрылысы, құбыр) ҚОӘБ трансшекаралық процедуралары үшін арнайы ережелер қызмет ете ма?

Конвенцияға сәйкес қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізуді талап ететін болжамдық қызметтерді сәйкестендіру.

*Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы № 134 «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық контексте әсер етуді бағалау жөніндегі хаттамаға қол қою*

туралы» Жарлығымен кез-келген шаруашылық қызметтерге Каспий теңізінің ресурстарын пайдалану кезінде ҚОӘБ міндетті рәсімі қарастырылған.

18. Сіздің еліңіздің ұлттық заңнамасында Конвенцияға I Қосымша толығымен енгізілген бе? Ұлттық тізім мен Конвенцияға I Қосымша арасындағы кез-келген сипаттаманы келтіру сұранысы.

*Иә, толығымен енгізілген. ҚОӘБ Нұсқаулығында қарастырылған қызмет түрлерінің тізбесі Конвенцияға I Қосымшадан қарағанда әлдеқайда кеңірек және анығырақ.*

19. Қарастырылған I Қосымшадағы заңнама толығымен іске асырылуда ма (ЕСЕ/МР.ЕІА/6, III/7 шешімі)?

*иә, толығымен қамтиды.*

20. Сіздің еліңіз мүдделі Тараппен 2-баптың 6-тармағының талаптарына сай қоғамға мүдделі Тараптан ұсынылатын мүмкіндік сіздің елдегі қоғамға ұсынылатын мүмкіндіктермен тең құқылы екендігін қалай қамтамасыз етеді?

*Траншекаралық мазмұндағы ҚОӘБ қарастыруда бірден-бір үлгі боларлық жағдай Қазақстан Республикасы Қырғызстан Республикасымен жұртшылықтың қатысуын ұлттық заңнамаларына сәйкес қамтамасыз етіп отырды.*

### **3-бап**

#### **Хабарлама**

*Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар*

21. Сіздің еліңіз хабарламаны мүдделі Тарапқа «және өз елінің жұртшылығын хабардар етуге қарағаннан мүмкіндігінше тез, кешіктірмейтіндей» бағыттау керектігін қалай анықтайтынын сипаттаңдар.

*Кодекстің 57-бабына сәйкес Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобаларына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге өтінімдерді қоспағанда, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге өтінімді белгіленіп отырған қызметке тапсырыс беруші бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялауға тиіс.*

*Жоғарыда айтылғандардың негізінде, материалдардың мемлекеттік экологиялық сараптамаға келіп түскен кезінде жоғарыда аталған талаптың расталуы талап етіледі, яғни материалдардың ішінде БАҚ жариялаудың көшірмесі және ҚОӘБ жобасы бойынша қоғамдық пікірдің ескерілу нәтижесі бар болуы тиіс (ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2013 жылғы 26*

наурыздагы № 50-Ө бұйрыгымен бекітілген Қоғамдық тыңдалымдарды өткізу Ережесіне сәйкес).

22. Сіздің еліңіздің ұлттық заңында төмендегі ережелер көрсетілген бе, егер ия болса, онда атап көрсетіңіз:

а) сіздің ел әдетте мүдделі Тарапқа хабарлайтын ҚОӘБ процедуралар кезеңі (3-бап, 1-тармақ);

ия, Кодекстің 43-бабы.

*Ұлттық заңнамада көрсетілмеген. ҚОӘБ нұсқаулығы халықаралық келісімдердің талаптарын басшылыққа алуды ұсынады.*

б) Хабарлаудың форматы. Сіздің ел Тараптардың бірінші отырысында I/4 шешімімен (ЕСЕ/МР.ЕІА/2, IV Қосымша, толықтыру) қабылдаған хабарлама форматын қолдана ма? Егер жоқ болса, онда сіздің ел өз форматын қолдана ма (бұл жағдайды көшірмесін қоса беруді сұраймыз);

*I/4 хабарлама форматын қолдану бойынша тәжірибе жоқ. Өзіндік форматы жоқ және қолданылмайды.*

с) мүдделі Тараптардан алынатын хабарлама мерзімдері (3 пункттің 3 бабымен «хабарламада көрсетілген мерзімі»), болжанған мерзімдердің мүдделі Тараптармен сақталмауының нәтижелері;

*Ұлттық заңнамада көрсетілмеген.*

д) ҚОӘБ туралы құжатты дайындау үшін қажет мүдделі ақпаратты ұсыну туралы сұраныс (6 пункт, 3 бап);

*Ұлттық заңнамада көрсетілмеген.*

е) сіздің ел қоғамның қатысуы туралы сұрақ бойынша мүдделі Тараптардың мемлекеттік органдары қандай жолмен ынтымақтасады (8 пункт 3 бап);

*Қырғызстан Республикасымен – фельдъегерлік және электрондық поштамен.*

ф) Мүдделі Тараптың қоғамына қашан және қалай хабарлайды (бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрі)? Қоғамды хабарландыруға қандай мәліметтер кіреді?

*Жұртшылық интернет-қор және БАҚ арқылы хабардар етіледі*

г) Шығу тараптары қоғамға қалай және қашан хабарлайды (бұқаралық ақпарат құралдарының қандай түрлері қолданылады)? Қоғамды хабарлау қандай мәліметтерден тұрады?

*Жұртшылық интернет-қор және БАҚ арқылы хабардар етіледі*

h) мүдделі Тараптардың қоғамға хабарлауы мазмұны бойынша мемлекеттегі қоғамды хабарландыру мазмұнымен сай келе ма? Егер жоқ болса, неге екенін түсіндіріңдер.

*Сай келеді, хабарландырудың мәтіндері уәкілетті органдармен келісілген.*

23. Тараптардың бірінші отырысына (ECE/MP.EIA/2, III қосымша, шешім I/3) сәйкес хабарландыру үшін Конвенцияның веб-сайтында тізім орналастырылған байланысу пункттерін пайдалана ма?  
([http://www.unecce.org/env/eia/points\\_of\\_contact.htm](http://www.unecce.org/env/eia/points_of_contact.htm))?

*Иә, Қырғызстан Республикасымен байланыс пункттерінің контактілері пайдаланылды.*

*Мүдделі Тарапқа қойылатын сұрақтар*

24. төменде аталғандар ережелер сіздің еліңізде бар ма, егер болса:

a) сіздің елде ҚОӘБ процедурасына қатысу қалай жүргізіледі (3 баптың 3 пункті); Кодекстің 57-бабына сәйкес

*Заңнамада көрсетілмеген.*

b) ҚОӘБ туралы құжатты дайындау үшін қажет мүдделі ақпаратты ұсыну туралы сұраныс (6 пункт, 3 бап);

*Заңнамада көрсетілмеген.*

c) сіздің ел қоғамның қатысуы туралы сұрақ бойынша мүдделі Тараптардың мемлекеттік органдары қандай жолмен ынтымақтасады (8 пункт 3 бап);

*Қырғызстан Республикасымен – фельдъегерлік және электрондық поштамен.*

d) қоғам қашан және қалай хабарландырылады (мысалы, ол үшін әдетте БАҚ қандай түрлері және т.б. қолданылады).

*Қоғамдық тыңдалымдарды өткізу күніне дейін 20 күн бұрын БАҚ хабарлама беріледі және Интернет – қорда орналастырылады.*

#### **4-бап**

**Қоршаған ортаға жасалатын ықпалды бағалау туралы құжаттаманы әзірлеу**

*Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар*

25. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

a) ҚОӘБ туралы құжаттың мазмұнына (4 бап пункт 1, II қосымша);

*ҚР Экологиялық кодексінің 41-бабына сәйкес Қоршаған ортаға әсерді бағалау құжаттамасы. Сонымен қатар, қоршаған ортаға әсерін бағалауды (ҚОӘБ) жүргізу Нұсқаулығымен реттеледі.*

б) әрбір нақты жағдайда ҚОӘБ құжаттамасын анықтау процедураларын (сұрақтарды зерттеу процедуралары) (4 бап 1 пункт);

*Қоршаған ортаға әсерді бағалау жобалаудың барлық кезеңдерінде:*

1) жоспарланып отырған қызметті іске асыру орны бойынша қоршаған ортаның жай-күйін;

2) көрсетілген қызметтен бас тартуды қоса алғанда, жоспарланып отырған қызметтің мақсатына жетудің баламалы нұсқаларын;

3) өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын;

4) Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларындағы өзге талаптарды ескерумен жүргізіледі.

с) II Қосымша б) пункт бөлімшесімен сәйкес «саналы баламаларды» анықтау;

*Қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу Нұсқаулығымен қарастырылған.*

д) Ел ішіндегі ҚОӘБ туралы құжаттаманы ұсыну процедуралары мен форматы;

*Қоршаған ортаға әсерін бағалаудың әрбір сатысында құжаттама мазмұнының толықтығы Қоршаған ортаға әсерін бағалау нұсқаулығымен анықталады.*

е) мүдделі тараптың ҚОӘБ туралы құжаттамасын ұсыну процедуралары мен форматы. Ел ішіндегі және мүдделі Тараптың қолдануы үшін қажет процедуралар мен форматтар арасында айырмашылық болса, оның себебін түсіндіріңдер;

*Заңнамамен реттелмейді.*

ф) Ел ішіндегі ҚОӘБ туралы құжаттаманы зерттеу процедуралары мен ескертпелер мерзімі, оның ішіне ел ішіндегі ескертулер қалай қарастырылуда;

*ҚР Экологиялық кодексінің 57 – бабына сәйкес реттеледі.*

г) Мүдделі Тараптан алынған ҚОӘБ құжаттамасын қарастыру процедуралары және ескертпелерді ұсыну мерзімдері, және де мүдделі Тарап ұсынатын ескертпелер қалай қарастырылады;

*Заңнамамен реттелмейді.*

h) Сіздің еліңіздегі қоғамдық тыңдаулар жүргізу процедуралары;

*2007 жылғы 7 мамырдағы Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 135-п бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдаулар жүргізу ережелеріне сәйкес.*

і) мүдделі тарап аумағындағы қоғамдық тыңдауларды жүргізу процедуралар.

*Заңнамамен реттелмейді.*

*Мүдделі Тарапқа қойылатын сұрақтар*

26. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) Шығу Тарабына көрсету үшін ҚОӘБ құжаттамасы бойынша ескертпелерді бағыттау процедуралары мен мерзімдері;

*Заңнамамен реттелмейді.*

б) Ел ішіндегі ҚОӘБ құжаттамасын қарастыруда қоғамның қатысу процедуралары, жоғарыда аталған процедуралардың орындалуына жауапты органдар;

*Жергілікті атқарушы органдар Әкімдіктің ресми интернет-қорында алдағы болатын қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратты орналастырады. Қоғамдық тыңдалымды өткізуді ұйымдастыру Тапсырыс беруші болып табылады, қоғамның қатысуы мүдделі Тарап рөліндегі елдің заңнамасына сай жүргізіледі. Жұртшылықтың пікірі ескеріледі және қоғамдық тыңдаулар хаттамасына енгізіледі.*

с) ел ішіндегі ҚОӘБ туралы құжаттаманы зерттеу процедуралары.

*ҚОӘБ жобасының Тапсырыс берушісі немесе әзірлеуші жұртшылықтың сұранымы бойынша ҚОӘБ жобасын ұсынады және жұртшылық ҚОӘБ жобасына өздерінің ұсыныстары мен ескертулерін қоғамдық тыңдалымды өткізгенге дейін жібере алады.*

## **5-бап**

### **Консультациялар**

*Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар*

27. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) кеңес берумен байланысты мүдделі Тараптардың ынтымақтастығы үшін процедуралар;

*Заңнамамен реттелмейді.*

б) мүдделі Тараппен кеңес жүргізу кезеңдері, процедуралары мен мерзімдері;

*Заңнамамен реттелмейді.*

с) кеңес беруге қатысатын ел ішінде және тараптарда кеңес берудің кезеңдер, процедуралары мен мерзімдері.

*2007 жылғы 7 мамырдағы Қоршаған ортаны қорғау министрінің № 135-п бұйрығымен бекітілген Қоғамдық тыңдаулар жүргізу ережелеріне сәйкес.*

*Мүдделі Тарапқа қойылатын сұрақтар*

28. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) кеңес берумен байланысты, шығу Тараптармен өзара әрекеттесу үшін процедуралар;

б) кеңес беруге қатысатын ел ішінде және тараптарда кеңес берудің кезеңдері, процедуралары мен мерзімдері.

*Заңнамамен реттелмейді.*

## **6-бап**

### **Түбегейлі шешім**

*Шығу Тарабына қойылатын сұрақтар*

29. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

а) жоспарлы әрекетті орындауға; шешім мазмұны; оны қабылдау процедураларына қатысты «соңғы шешімді» анықтау;

*Уәкілетті органның шешімі (бірақ та мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы емес, ол сот тәртібімен қарсылық білдіруі мүмкін).*

б) I Қосымшада көрсетілген әрбір қызмет түрі үшін «соңғы шешім» білдіретін түсініктерді көрсетіндер, оның негізінде жоспарланатын қызметке рұқсат беріліп, жүзеге асады (6 бап 2 баптың 3 пунктімен бірге); сондай-ақ ұлттық тілде ұлттық заңнамада пайдаланылатын терминді көрсетіңіз. I Қосымшада көрсетілген барлық нысандар үшін мұндай шешім міндетті ма?

*Ұлттық заңнамада I қосымшада тізбектелген қызметтер тізбесі бекітілмеген.*

с) Ел ішіндегі және мүдделі Тарап үшін «соңғы шешім» туралы ақпарат үшін процедуралар;

*Ел ішінде – БАҚ және мүдделі жұртшылықтың сұранымы бойынша. Мүдделі Тарапқа қолданылатын процедуралар заңнамамен қарастырылмаған.*



d) мемлекеттік органдар және қоғамның мүдделі Тараптың ескертпелері және кеңес беру нәтижелері сіздің елдегі екерпелерге назар аударылатын шамада ескеріле ме 6 бап 1 пункт)?

*Жалпы, мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың ескертпелері ел ішінде ескеріледі.*

e) қызметті жүзеге асыруға дейін 6 баптың 3 пунктіне сәйкес қосымша ақпарат белгілі болса шешімді қайта қарастыру мүмкіндігі бар ма?

*Экологиялық заңнамада уәкілетті органның бастамасы бойынша шешімді қайта қарау мүмкіндіктері қарастырылған.*

## **7-бап**

### **Жобадан кейінгі талдау**

30. Сіздің еліңіздегі төмендегілерге сәйкес келетін қолданыстағы құқықтық талаптарды көрсетіңіз:

a) жобадан кейінгі талдау (7 бап, 1 пункт);

*Бұндай норма Экологиялық кодекстің 2007 жылғы редакциясында іс-әрекетте болған, бірақ 2012 жылы жойылған. Қазіргі уақытта ҚОӘБ тәрізді жобадан кейінгі талдаудың қажеттілігі туралы заңнамалық норма жоқ.*

b) жобадан кейінгі талдау нәтижелері туралы ақпараттандыру процедуралары.

*Құқықтық талаптар жоқ.*

## **8-бап**

### **Екі тарапты және көп тарапты ынтымақтастық**

31. Сіздің еліңіз Конвенция негізінде (8 бап, VI Қосымша) қандай да бір екі және көп жақты келісім шарттар жасаған ба? Егер ия болса, оларды атаңыз. Осы келісімдердің қысқаша сипаттамасын беріңіздер. Бұл келісімдер VI Қосымшада қандай дәрежеге негізделеді, және қандай сұрақтарды қамтиды? Қол жетімді екі жақты және көп жақты келісім шарттардың мейлінше, ағылшын, орыс немесе француз тілінде мәтіндерді ұсыныңдар.

*Қазақстан Республикасымен Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық контексте әсер етуді бағалау жөніндегі Тегеран Хаттамасы ратификацияланған (Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 тамыздағы «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға трансшекаралық*

контексте әсер етуді бағалау жөніндегі хаттамаға қол қою туралы” № 134 Жарлығы). Хаттама мәтіні сұраулыққа 1 қосымшада келтірілген.

32. Сіздің елде екі жақты және көп жақты келісім шарттарға сәйкес қандай да бір қосымша байланыс пункттері құрылған ба?

*Жоқ*

## **9-бап**

### **Зерттеулердің бағдарламалары**

33. Сіздің елде 9 бапта аталған сұрақтармен байланысты жүргізілген қандай да нақты зерттеулер туралы ақпараттар бар ма? Егер ия болса, оның қысқаша сипаттамасын беріңдер.

*Жоқ*

### **Стратегиялық экологиялық бағалау Хатамасы мен Конвенциясына түзетулерді ратификациялау**

34. Егер сіздің ел Конвенцияға бірінші түзетуді әлі ратификацияламаған болса, онда оны істеуге ниетті ме? Егер ия болса, онда қашан?

*Күні анықталмаған.*

35. Егер сіздің ел Конвенцияға екінші түзетуді әлі ратификацияламаған болса, онда оны істеуге ниетті ме? Егер ия болса, онда қашан?

*Күні анықталмаған.*

36. Егер сіздің ел СЭБ Хаттамасын ратификацияламаған болса, онда енді енгізуі мүмкін бе? Егер ия болса, онда қашан?

*Күні анықталмаған.*

## **Екінші бөлім**

### **2013-2014 жылдар кезінде Конвенцияны іс жүзінде қолдану**

37. Сіздің елде Конвенцияны іс жүзінде қолдану бойынша жинақталуы (бірінші бөлімде сипатталған процедуралар жөніндегі ақпарат емес) сіздің ел Шығу Тарабы ретінде көзге көрінген және сіздің ел мүдделі тарап ретінде қатысканы туралы ақпараттарды ұсынуыңызды сұраймыз. Бұл бөлімнің мақсаты – Конвенцияны іс жүзінде пайдалану кезінде пайда болған қиындықтар мен практиканы табу, міндеті Тараптарға табылған шешімдер туралы ақпаратпен алмасу мүмкіндігі болы табылады. Соған байланысты Конвенцияның қолданғанын және оны жүзеге асыру үрдісін жетілдірудің жаңашыл тәсілдерін көрсететін мысалдарды ұсыну тиіс.

*2013 – 2014 жж. аралығында Конвенцияны тәжірибелік қолдану болмады.*

### **2010-2012 жылдар кезеңінде қолданған мысалдар**

38. Сіздің елдің мемлекеттік органдары көрсетілген уақытта жүзеге асырған ҚОӘБ трансшекаралық процедуралары туралы ақпаратқа ие ма, бұл ақпараттарда сіздің ел Шығу немесе Мүдделі Тарап ретінде қатысты ма? Осындай процедуралар тізімін ұсынуыңызды сұраймыз.

*2011-2012 жж. Қазақстан Республикасы мүдделі тарап ретінде, Қырғызстан Республикасымен іргелес аумақта жобаланып жатқан Андаш кенішінің жобасы бойынша трансшекаралық ҚОӘБ процедурасына қатысты.*

39. Сіздің ел жоғарыда аталған ҚОӘБ трансшекаралық процедураларға қарсы ма? Бұл процедуралар тізімі Конвенцияның вебсайтына орналастырылады (егер қарсы болсаңыз "ия" деп көрсетіңіз)?

*Жоқ, қарсы емес.*

40. ҚОӘБ трансшекаралық процедураларын орындаудың орташа ұзақтығы – жеке кезеңдері, процедуралары жөнінде ақпарат және түсіндірме беруіңізді сұраймыз.

*Андаш кеніші бойынша трансшекаралық ҚОӘБ үрдісінің ұзақтығы жиынтықта 12 айды құрайды.*

### **2012–2014 жылдарда қоршаған ортаға әсерін бағалаудың трансшекаралық процедураларын орындау кезінде жиналған тәжірибе**

41. Егер сіздің ел бір есептік уақыт ішінде трансшекаралық ҚОӘБ жүргізу процедуралары саласында тәжірибе жинаса, онда Конвенцияның қоршаған ортаға айтарлықтай мүмкін трансшекаралық әсердің алдын алу, қысқарту немесе жоюға ықпал етті ма? Болған жағдайда іс жүзіндегі мысалдарды келтіріңіз.

*Бірден-бір жағдай Андаш кенішімен жобаға айтарлықтай ескертулердің болмағандығы нәтижесінде, экологиялық қауіпсіздікке әсер етпеді. Алайда, қозғалатын аймақтағы тұрғындардың тыныштығына септігін тигізді.*

42. Конвенцияны іс жүзінде қолданудың тәжірибесімен басқа Тараптармен пікір алмасындар. Төменде көрсетілген әрбір сұрақтарға бір немесе екі практикалық мысалдар келтіріңдер. Басқа Тараптарға көмек көрсету тәртібінде меңгерген сабақтардың мысалын айтқан жөн:

а) ҚОӘБ құжаттамасына трансшекаралық сұрақтарға арналған жеке бөлім енгізілгенін көрсетіңдер. Сіздің ел ҚОӘБ құжаттамасында қандай ақпараттар көлемі болуын қалай анықтайды?

*Ақпарат көлемі Эспоо Конвенциясының ережелерімен толығымен сәйкес әзірленген ҚОӘБ Нұсқаулығымен анықталады. Нұсқаулықтың 5-тармағында көрсетілген, яғни «Траншекаралық әсері бар объектілер үшін қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізудің ерекшеліктері Қазақстан Республикасымен ратификацияланған халықаралық келісімдер мен конвенциялармен анықталады».*

b) Конвенцияда аударма мәселесі қозғалмайды. Сіздің ел аудармаға қатысты мәселелерді қалай шешеді? Сіздің елде әдетте қандай материалдар аударылады? Жазбаша және ауызша аудару кезінде сіздің қандай қиындықтарға тап болады және бұл мәселелерді қалай шешеді?

*Андаш кеніші жағдайында материалдардың орыс тілінен аудармасы жүзеге асырылмады. Барлық ресми құжаттар мемлекеттік (қазақша) тілде жарияланады және орыс тіліне аударуға жатады. Шет тілдеріне дипломаттық тәжірибе қағидаларына сәйкес ресми қатынасхаттар құжаттарын аудару орындалады.*

c) Сіздің ел қоғамның трансшекаралық қатысуын қалай ұйымдастырады? Шығу Тарабы бола тұра сіздің ел мүдделі Тарап қоғамын қатыстыруды ұйымдастырды ма, егер ия болса, қандай жолмен? Өз қоғамының қатысуы әлде басқа Тараптың қоғамын қатыстыру жөнінде қиындықтарға тап бола ма (мысалы, пайдаланатын процедураларға қатысты қоғамның шағымдары түскен ба)?

*2013 – 2014 жж. аралығында Конвенцияны тәжірибелік қолдану болмады.*

d) Кеңес беру кезінде сіздің ел тап болған кез-келген мысалы мерзімі, тілі және қосымша ақпаратты алу қажеттілігіне қатысты қиындықтарды сипаттап беріңіз. Егер сіздің ел мүдделі Тарап болса, 5 бапқа сай, қоршаған ортаға айтарлықтай мүмкін трансшекаралық әсердің алдын алу, қысқарту немесе жою бойынша кеңестер жүргізілді ма?

*2013 – 2014 жж. аралығында кеңестер жүргізілмеді.*

e) Мүдделі Тарап және оның қоғамына хабарлау қалай орындалды және соңғы шешім форматы, мазмұны және тілінің мысалдарын сипаттаңдар.

*2013 – 2014 жж. аралығында Конвенцияны тәжірибелік қолдану болмады.*

f) сіздің ел жобадан кейінгі талдаулар жүргізді ма, егер ия болса жобаның қандай типі бойынша?

*Жобадан кейінгі талдауды өткізу бойынша талаптар 2012 жылдан жойылған.*

g) сіздің елде ҚОӘБ трансшекаралық процедураларын орындаудың бірге трансшекаралық жобаларға қатысты сәтті мысалдары бар ма? Сіздің елдің

жинаған тәжірибесі туралы ақпаратты сипатамасымен бірге тапсырыңыз, мысалы, ынтымақтастық құралдары (мысалы, байланыс пункттері, бірлескен органдар, екі жақты келісімдер), институттық механизмдер және іс жүзіндегі сұрақтар қандай жолмен шешімін табады (мысалы, ауызша және жазбаша аударма, құжаттарды беру және т.б.).

*2013 – 2014 жж. аралығында Конвенцияны тәжірибелік қолдану болмады. Тегеран хаттамасының мәтіні I Қосымшада ұсынылған.*

h) үрдістерді толығымен және оның жеке элементтерінің (мысалы, хабарлама, кеңес беру немесе қоғамның қатысуы) тиісті практикаларын келтіріңдер. Сіздің ел мысалы Конвенция бойынша «тақырыптық зерттеулер туралы мәліметтер топтамасы» түрінде әзірленегенін қалайды ма?

*Жоқ, тәжірибе айтарлықтай үлкен емес.*

i) Конвенцияның ең көп таралған қолдану құралдарын көрсетіндер (мысалы, координациялық орталықтар, бірегей органдар, көп жақты келісім шарттар арқылы).

*2013 – 2014 жж. аралығында Конвенцияны тәжірибелік қолдану болмады.*

#### **2010-2012 жылдар Тараптар арасындағы ынтымақтастық**

43. Сіздің елде көрші елдерде өзге құқықтық жүйелердің нәтижесінде туындаған қиындықтарды жеңудің жарқын мысалдары бар ма? Егер бар болса, хабарлауды өтінеміз.

*Қазақстан және Қырғызстанды қоса алғанда, сонымен қатар Ресейді, ОА елдерінің құқықтық жүйелері, өте жақын және қиыншылықтарды тудырмайды. Қиыншылықтар әлеуетті Қытайдың құқықтық жүйесінен мүмкін.*

#### **2010-2012 жылдарға басшылық нұсқауды пайдалану саласындағы тәжірибелер**

44. сіздің ел іс жүзінде Тараптар Отырысында қабылданып, Интернетте орналастырылған төмендегі басшылықты қолданды ма:

a) Трансшекаралық мазмұнда ҚОӘБ қоғамның қатысуы бойынша басшылық нұсқау (ECE/MP.EIA/7);

*Иә.*

b) Субаймақтық ынтымақтастық бойынша басшылық нұсқау (ECE/MP.EIA/6, V Қосымша,);

*Иә.*

c) Тиісті практика мен еке және көп жақты келісім шарттар бойынша басшылық принциптер (ECE/MP.EIA/6, қосымша IV).

Осы нұсқалық құжаттарды қолдану саласындағы жинақталған тәжірибелерді сипаттаңдар, және де оның жақсарту немесе толықтыру жолдарын қарастырыңдар.

*Андаш кенішінің ҚОӘБ тәжірибесі жетілдіруді тұжырымдау үшін жеткіліксіз. Каспийдің Негіздемелік конвенциясына Тегеран Хаттамасы толығымен Еспо Конвенциясына сәйкес әзірленген және әзірге тәжірибеде қолданылмаған.*

#### **Конвенцияның анықтылығы**

45. Сіздің ел Шығу Тарабы немесе мүдделі Тарап рөлінде Конвенциядағы процедураларды іске асыру кезінде қиындықтарға тап болды ма? Конвенцияда анық емес ережелер бар ма?

*Тап болмады. Анық емес ережелер анықталмады.*

#### **Конвенция туралы хабардар ету**

46. Сіздің ел Конвенция туралы мүдделі тараптар арасында ақпараттандыру дегейін жоғарылатудың қандай да бір шараларын жүргізді ма (мысалы, қоғам, жергілікті билік органдары, кеңес берушілер және сарапшылар, ғылыми орта, инвесторлар)? Егер ия болса, оның сипаттамасын келтіріңіз.

*Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жыл сайын қоршаған ортаны қорғау саласында біліктілікті жоғарлату курстарын (оқыту семинарларын) барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, үкіметтік емес ұйымдардың, табиғатты пайдаланушылар өкілдері үшін өткізеді. Тыңдаушылар сонымен бірге Эспоо Конвенциясы міндеттері туралы ақпараттандырылады.*

47. Сіздің ел Конвенцияны қолдану үрдісін жақсарту қажет деп ойла ма, егер ия болса, онда оны қандай жолмен жүзіге асыруды өздейді?

*Қазақстан Республикасында Экологиялық кодекс, ҚОӘБ Нұсқаулығы, Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережесі әрекет етеді, тиісінше толықтырулар сот жүйесінің іс-жүргізу құжаттарына енгізілген. Әзірге жетілдіру қажеттілігі қарастырылмайды.*

#### **Баяндаманы жақсарту бойынша ұсыныстар**

48. Бұл баяндаманы қандай жолмен жетілдіруге болатындығы туралы ұсыныстарыңызды беруді өтінеміз.

*Ұсыныстар жоқ.*

## ҚОРЫТЫНДЫ

Конвенцияны сақтаудың жеке сұрақтары бойынша қорытындылар мен ұсыныстар осы талдаудың мәтінінде берілген. Төменде жалпы сипаттағы қорытындылар мен ұсыныстар көрсетілген.

1. Қазақстан трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ туралы Конвенцияның ресми міндеттемелерін орындайды. Дегенмен, Хатшылық тарабынан ешқандай шағым түскен емес, сәйкесінше Қазақстан міндетті әрекеттерді қанағаттанарлықтай орындап жатыр. Конвенция Хатшылығының бюджетіне жарна төлемеу ғана ауытқушылық болып табылады. Алайда, ТМД елдерінің ешқайсысы жарнаны төлемейді.

2. Конвенцияны ратификациялау, түзетулер мен Хаттама бойынша ТМД елдерінің төмен белсенділігі аясында Қазақстан жақсы жақтарымен көрінді:

- Конвенция ратификацияланды,
- Қазақстан Каспий экологиялық бағдарламасында ҚОӘБ бойынша Хаттамада қатысады,

3. Қырғызстан мен Қазақстан ТМД елдерінің арасында бірінші болып Андаш кен орны бойынша трансшекаралық ҚОӘБ талқылауын жүргізу жағдайын жасады.

4. Іргелес елдердің ешқайсысы СЭБ туралы Хаттаманы ратификацияламады, бұл Қазақстан үшін осы процесті жылдамдатуға уәждеме жасамайды. Сонымен қатар, Стратегиялық экологиялық бағалауды жергілікті жоспарлау және басқару құралы ретінде дамытудың үлкен ішкі уәждemesі бар.

5. Тараптар шешімдеріндегі ескертулерге қарағанда, трансшекаралық контекстіндегі ҚОӘБ туралы Конвенция трансшекаралық жағдайлардың шағын ортасында ғана пайдаланылған. Мұндай ескертулер саны 15 жылдан астам мерзім ішінде екі ондықтан асқан жоқ. Конвенция тәжірибелік қызметпен жеткілікті «жүктелмегендігі» анық.

6. Сонымен бірге, бар деңгейлерді және ластау көздерін халықаралық мониторинг және бақылау заты ретінде елемеу туралы орынды сауал пайда болады. Тараптар шешімдерінде<sup>30</sup> «мұндай әрекеттер ескертпелі сипатта болуымен қатар бар суды пайдалану және ластау көздерінен су алаптарының ластану жағдайын зерттеуге ынталандыру қажеттігін мойындау керек» екендігі жазылған. Бұл осы мәселе Тараптар

---

<sup>30</sup><http://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/documents/2001/eia/decision.II.5.r.pdf>

мен Хатшылықтың көз аясында екендігінің және оны талқылаудың жалғасы болатындығының дәлелі.

7. VI бөлімде сегіз халықаралық трансшекаралық келісімдердің (конвенциялар мен хаттамалардың) тұтастығының және озара байланысының жоғары деңгейі көрсетілген. Қазақстанның синергизм әсерін ұлғайту бойынша шараларды зерттеу контекстіндегі зерттеулерді қолдаған жөн, сондай-ақ, осындай зерттеулер жүргізіп, олардың ұйымдық, нормативтік және сараптамалық сүйемелденуі бойынша шаралар қолдану керек.

## **Ұсыныстар**

1. Қазақстанның трансшекаралық контекстіндегі Тараптардың Конвенциясының хүкіметін кеңейту туралы мәселесін халықаралық экологиялық қауіпсіздіктің өзіндік факторы ретінде су алаптарының ластану деңгейін мониторингілеуге және төмендетуге байланысты қарауға қоюда қолдау көрсету.

2. Қазақстанның Тараптарды синергетикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатында қызметтестікті нығайту бойынша алдағы шаралармен бірге БҰҰ ЕЭК трансшекаралық конвенцияларының синергизмі туралы шешімдерін және оларды қарастыруда қолдауы.

3. Ластау көздерінің және ластану деңгейінің жоғарылау себептерін анықтау бойынша талдау жасай отырып, зерттеулер жасау және ішкі және трансшекаралық су қоймаларының қазіргі жағдайы туралы деректерді жалпылау.

4. Трансшеаралық конвенциялар синергизмін ұлттық деңгейге көтеру келешегі туралы зерттеулер жүргізу.

5. Жоғарыда аталған халықаралық келісімдерді басқару бойынша бірыңғай сараптамалық және мекемеаралық топ жасау.

6. Трансшекаралық және басқа халықаралық келісімдерді орындаудың ұлттық әлеуетін нығайту мақсатында табиғатты қорғау туралы заңнаманы реформалауды жалғастырудағы қажеттіліктер туралы зерттеулерді жалғастыру.



**Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі Негіздемелік конвенцияға қоршаған ортаға әсерді трансшекаралық тұрғыда бағалау жөніндегі Хаттама**

***Кіріспе***

Каспий маңы мемлекеттері: Әзербайжан Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Түрікменстан, бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатындар,

2003 жылғы 4 қарашада Иран Ислам Республикасы, Тегеранда, жасалған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның тараптары *бола отырып,*

Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның 7, 17 және 18-баптарының ережелерін орындауға әзірлігін *растай отырып,*

Уағдаласушы Тараптар арасындағы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі өңірлік өзара түсіністік пен ынтымақтастықты күшейтуге жәрдем көрсетуге *бекіне отырып,*

жоспарланып отырған қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесінің бастапқы сатысында қоршаған ортаға әсерді бағалауды қолдану орнықты даму қағидатын іске асыруға әсер ететінін *мойындай отырып,*

қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесінде ақпаратқа қол жеткізудің және жұртшылықтың қатысуының маңыздылығын *атап өте отырып,*

төмендегілер туралы УАҒДАЛАСТЫ:

*1-бап. Терминдерді пайдалану*

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін,

- (a) «Шығу Тарапы» заңдық құзыр(лар)ы аясында осы Хаттамаға I қосымшада көрсетілген, жоспарланып отырған қызметті жүзеге асыру межелеген осы Хаттаманың Уағдаласушы Тарапын (Тараптарын) білдіреді;
- (b) «Қозғалатын Тарап» жоспарланып отырған қызметтің трансшекаралық әсері тиюі мүмкін осы Хаттаманың Уағдаласушы Тарапын (Тараптарын) білдіреді. Осы Хаттаманың Уағдаласушы Тарапы (Тараптары) қозғалатын Тарап ретінде қарастырылуы мүмкін теңіз аудандарының географиялық координаттары барлық Уағдаласушы Тараптар үшін Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция күшіне енгеннен кейін оның ережелеріне сәйкес айқындалады;
- (c) «Мүдделі Тараптар» осы Хаттамаға сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімінің шығу Тарапы мен қозғалатын Тарапын білдіреді;
- (d) «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» (ҚОӘБ) жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалауды жүргізу жөніндегі ұлттық рәсімді білдіреді;
- (e) «Жоспарланып отырған қызмет» қоршаған ортаға әсерді бағалаудың қолданылатын ұлттық рәсіміне сәйкес құзыретті органның шешім қабылдауын талап ететін кез келген қызметті немесе қызметтің елеулі түрде өзгеруін білдіреді;
- (f) «Әсер ету» флораны, фаунаны, топырақты, атмосфералық ауаны, суды, климатты, ландшафтты, тарихи ескерткіштерді және/немесе осы факторлардың өзара байланысын қоса алғанда, Каспий теңізінің теңіз ортасы үшін жоспарланып отырған қызметті іске асырудың кез келген салдарын білдіреді; ол адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігі, мәдени мұра немесе әлеуметтік-экономикалық және

өзге жағдайлар үшін салдарды да және осы факторлардың нәтижесінде болатын өзгерістерді де қамтиды;

- (g) «Траншекаралық әсер ету» жоспарланып отырған қызметті шығу Тарапы іске асырған кезде екінші Уағдаласушы Тарапқа кез келген әсер етуді білдіреді;
- (h) «Жұртшылық» бір немесе одан көп жеке немесе заңды тұлғаларды білдіреді ;
- (i) «Құзыретті орган» Уағдаласушы Тарап тағайындайтын, осы Хаттамада қамтылған міндеттерді орындауға жауапты орган (дар) ды білдіреді ;
- (j) «Хабардар ету мақсаттарына арналған байланыс пункті» Уағдаласушы Тараптар айқындаған байланыс пунктін немесе пункттерін білдіреді, олар туралы басқа Уағдаласушы Тараптар және хабарламаны алуға жауапты, тиісті құзыретті органды хабардар етуді қамтамасыз ететін Хатшылық хабардар етіледі ;
- (k) «Жобаны әзірлеуші» - ұлттық рәсімге сәйкес жоспарланып отырған қызметке қатысты рұқсат алуға өтініш жасаған мемлекеттік органды қоса алғанда, бастамашыны білдіреді ;
- (l) «Уағдаласушы Тараптардың конференциясы» Конвенцияның 22-бабында аталған органды білдіреді ;
- (m) «Хатшылық» **Конвенцияның** 23-бабында аталған органды білдіреді.

## *2-бап. Мақсаты*

Осы Хаттаманың мақсаты теңіз ортасы мен теңіз жақындығының әсеріне ұшырап отырған құрлықтың ластануын болдырмау, азайту және бақылау үшін, теңіз ортасы мен құрлықтың биологиялық әр алуандығын сақтауға және оның табиғи ресурстарын ұтымды пайдалануға және адам денсаулығын қорғауға жәрдемдесу үшін, теңіз жақындығының әсеріне ұшыраған теңіз ортасы мен құрлыққа трансшекаралық тұрғыда айтарлықтай трансшекаралық әсер етуі мүмкін, жоспарланып отырған қызметтің тиімді және ашық ҚОӘБ рәсімдерін жүргізу болып табылады.

## *3-бап. Қолданылу аясы*

Конвенцияның 3-бабына сәйкес осы Хаттама Каспий теңізі деңгейінің ауытқуын және жер үсті көздерінен ластануын ескере отырып, теңіз ортасына қолданылады.

## *4-бап. Жалпы ережелер*

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Хаттамаға II қосымшада қамтылған критерийлерді ескере отырып, осы Хаттамаға I қосымшасында санамаланған жоспарланып отырған қызмет бойынша осы Хаттаманың ережелерін орындау үшін, сондай-ақ жұртшылықтың қатысуын және осы Хаттамаға III қосымшада сипатталған қоршаған ортаға әсер етуді бағалау жөніндегі құжаттардың дайындалуын шешетін қоршаған ортаға әсер етуді бағалау рәсімдерін әзірлеуге қажетті заңнамалық, әкімшілік және басқа да шараларды қабылдайды.
2. Әрбір Уағдаласушы Тарап осы Хаттамаға I қосымшада келтірілген, айтарлықтай трансшекаралық әсер туғызуы мүмкін жоспарланып отырған қызмет түрлерінің осы Хаттамаға сәйкес жоспарланып отырған қызметке рұқсат беру немесе оны жүргізу жөнінде шешім қабылдаудың алдында ҚОӘБ рәсіміне жатқызылуын қамтамасыз етеді.
3. Әрбір Уағдаласушы Тарап Уағдаласушы Тараптарға және Хатшылыққа хабардар ету мақсатына арналған өзінің байланыс пункті туралы ақпарат береді. Хабардар ету мақсатына арналған байланыс пункті туралы ақпарат Уағдаласушы Тараптарға Хатшылық арқылы электрондық немесе басқа да кез келген қолайлы түрде қол жетімді болуға тиіс.
4. Мүдделі Тараптар осы Хаттамаға сәйкес, ҚОӘБ рәсімінің бастапқы сатысынан бастап жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз етеді.

5. Осы Хаттамаға сәйкес мүдделі Тараптар шығу Тарапының жұртшылығына және қозғалатын Тарап жұртшылығына жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсімдеріне қатысу үшін тең мүмкіндік береді және оған ҚОӘБ мәселелері бойынша қолдау көрсетіп, консультациялар береді.
6. Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарды, ұлттық қауіпсіздік мүддесіндегі ұйғарымдарды немесе әкімшілік ережелерді қолдану құқығын қозғамайды.
7. Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманың қолданыс аясына түсетін мәселелерге қатысты қосымша шараларды қолдау немесе ұсыну құқығын қозғамайды.
8. Осы Хаттаманың ережелері қоршаған ортаға әсерді трансшекаралық тұрғыда бағалауға қатысты халықаралық құқыққа сәйкес Уағдаласушы Тараптардың кез келген міндеттемелеріне қысым жасамайды.

#### *5-бап. Хабарлама*

1. Осы Хаттамаға I қосымшада көрсетілген жоспарланып отырған қызмет түріне қатысты шығу Тарапының құзыретті органы айтарлықтай трансшекаралық әсер етуі мүмкін жоспарланып отырған қызмет туралы ақпарат алғаннан кейін ол байланыс пункті арқылы өзінің пікірі бойынша әлеуетті қозғалатын Тарапқа баруы мүмкін кез келген Уағдаласушы Тарапты және қалған басқа Уағдаласушы Тараптарды хабардар ету үшін Хатшылықты мейлінше ертерек хабардар етеді.
2. Хабарлама, *өзгелерінің арасында*:
  - a) хабардар ету сәтінде кез келген қол жетімді болған жоспарланып отырған қызметтің ықтимал трансшекаралық әсері туралы ақпарат пен жоспарланып отырған қызметке ықтимал шешімдердің сипаттамасын қамтитын;
  - b) қозғалатын Тараптың аталған хабарламаға жауап жіберуі үшін қолайлы, бірақ ағылшын және орыс тілдеріндегі хабарламаларды алғаннан кейін кемінде 30 күн болатын мерзімдерді;
  - c) ҚОӘБ рәсімінің келесі сатыларын жүргізу мерзімдерін және атап айтқанда, осы Хаттаманың 6, 7 және 8-баптарында айқындалғандарын көрсете отырып, көзделіп отырған ҚОӘБ рәсіміне қатысты ақпаратты қамтиды.
3. Шығу Тарапы хабарламадағы құжаттаманы мемлекеттік тілде ағылшын немесе орыс тіліне аудармасымен бірге ұсынады. Хатшылық құжаттаманы тиісінше ағылшын немесе орыс тіліне аударуды қамтамасыз етеді.
4. Шығу Тарапының құзыретті органы хабарламаны қозғалатын Тарапты хабардар ету мақсатында байланыс пунктінің және Хатшылықтың алуын қамтамасыз етеді.
5. Қозғалатын Тараптың құзыретті органы шығу Тарапының құзыретті органына жауап жібереді және хабарламада айқындалған мерзім ішінде өзінің жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне қатысуға ниеті бар-жоғын көрсете отырып, Хатшылықты хабардар етеді.
6. Егер қозғалатын Тарап өзінің жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне қатысуға ниетінің жоқ екенін көрсетсе немесе ол хабарламада айқындалған мерзім ішінде жауап қайтармаса, онда осы Хаттаманың 7-бабының 3 (b) тармағына сәйкес шығу Тарапының Хатшылыққа қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі құжаттаманың жобасын жіберу жөніндегі міндеттемесін алып тастала отырып, осы Хаттаманың осы бабы 7 және 8-тармақтарының және 6-11-баптарының ережелері қолданылмайды.
7. Егер қозғалатын Тарап өзінің жоспарланып отырған қызметтің ҚОӘБ рәсіміне қатысуға ниетінің жоқ екенін көрсетсе, онда ол шығу Тарапына өзінің хабарламаға жауабында немесе бұдан кейін дереу:
  - (a) қозғалатын Тараптағы қоғамдық консультациялар рәсімі туралы тиісті ақпаратты;

- (b)ол туындаған жағдайда, қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі зерттеулерде шешуге ұсынылатын ерекше мәселелер туралы сұрауды; және
- (c)осы тармақтың (b) тармақшасында баяндалған мәселелер бойынша қолда бар қол жетімді ақпараттың қысқаша мазмұнын ұсынады.
8. Шығу Тарапының сұрауы бойынша қозғалатын Тарап әлеуетті қозғалатын қоршаған орта туралы кез келген ақылға қонымды қол жетімді ақпарат ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманы дайындау үшін қажет болса ондай ақпаратты ұсынады.
9. Егер қандай да бір Уағдаласушы Тараптың жоспарланып отырған қызметі нәтижесінде өзін айтарлықтай трансшекаралық әсерге ұшыраймын деп санауына орынды негіздер болса және егер осы баптың 1-тармағына сәйкес хабарлама болмаса, шығу Тарапы осы Уағдаласушы Тараптың сұрауына сәйкес оған оның ҚОӘБ рәсіміне қатысатынын немесе қатыспайтындығын айқындау үшін жеткілікті ақпарат ұсынады.

*6-бап. Мүдделі Тараптар арасындағы байланыс*

1. Мүдделі Тараптардың құзыретті органдары:
- (a)қоғамдық консультациялар жүргізу мақсаттары мен қозғалатын Тараптың құзыретті органының қарауы үшін ұсынылатын кез келген ақпаратты қоса алғанда, ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманың қажетті форматы мен тіл(дер)іне;
- (b)мүдделі Тараптардың құзыретті органдары мен жобаны әзірлеушінің рөлдерін қоса алғанда, мүдделі Тараптар арасындағы келісімшарттар бойынша нақты іс-шараларға; және
- (c)қозғалатын Тараптың ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманы қарауының 90 күннен аспайтын мерзіміне қатысты консультациялар өткізеді және келісімге келеді.
2. Мүдделі Тараптар қажет болған жағдайда осы Хаттаманың міндеттерін орындау жөніндегі өзара іс-қимыл тәсілдерін келіседі.

*7-бап. ҚОӘБ құжаттамасының жобасын дайындау және жіберу*

1. ҚОӘБ жүргізу шығу Тарапының ұлттық заңнамасы мен практикасына сәйкес жүзеге асырылады және осы Хаттаманың 5-бабы 7-тармағына сәйкес қозғалатын Тарап көтеретін барлық сұрақтарға неғұрлым толық жауап береді.
2. Шығу Тарапы қоғамдық консультациялар жүргізу және қозғалатын Тараптың құзыретті органының қарауы үшін жобаны әзірлеушінің ҚОӘБ құжаттамасының жобасын дайындауын қамтамасыз етеді. Осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағына сәйкес ҚОӘБ жөніндегі құжаттама мүдделі Тараптар арасындағы келісілген формат пен тіл(дер)де ұсынылады және осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағына сәйкес қозғалатын Тарап сұрататын ақпаратқа қосымша, кем дегенде, III қосымшада аталған тармақтарды қамтиды.
3. Шығу Тарапы ҚОӘБ жөніндегі құжаттаманың жобасын:
- (a) қозғалатын Тараптың құзыретті органына; және
- (b) қандай да бір Уағдаласушы Тараптың сұрауы бойынша осы ақпаратты ұсынуы үшін Хатшылыққа жібереді.

*8-бап. ҚОӘБ құжаттамасын қарау және қоғамдық консультациялар өткізу*

1. Мүдделі Тараптар осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағына сәйкес, ықтимал әсер ету аудандарындағы жұртшылықты:
- (a)жоспарланып отырған қызметке;
- (b)ҚОӘБ жөніндегі құжаттама жобасының қол жетімді болуы; және
- (c)жұртшылықты хабардар ету немесе басқа да тиісті шаралар арқылы қоғамдық консультациялар өткізу мүмкіндігі мен рәсіміне қатысты хабардар етуді қамтамасыз етеді.

2. Мүдделі Тараптар ҚОӘБ жөніндегі құжаттама жобасының, сонымен қатар қажет болған кезде қағаз түріндегі нұсқасының ашық әрі жұртшылық үшін қол жетімді болуын, сондай-ақ ұлттық заңнамаға сәйкес жарияланған нұсқа жұртшылық үшін қол жетімді жерлерде орналастырылуын қамтамасыз етеді.
3. Мүдделі Тараптар ықтимал әсер ету аудандарындағы жұртшылыққа мүдделі Тараптардың құзыретті органдарына жоспарланып отырған қызмет жөнінде түсінік жіберу мүмкіндігін береді. Түсініктер шығу Тарапының құзыретті органына немесе осы Хаттаманың 6-бабының 1-тармағының (b) тармақшасына сәйкес қалай келісілсе, солай жіберіледі.
4. Қозғалатын Тараптың құзыретті органы осы Хаттаманың 6-бабы 1-тармағының (c) тармақшасына сәйкес шығу Тарапы айқындайтын мерзім ішінде ҚОӘБ жөніндегі құжаттама жобасы бойынша қарауды жүргізіп, ескертулер береді және өз ескертулерін шығу Тарапының құзыретті органына жібереді.
5. Шығу Тарапы жобаны әзірлеушінің:
  - (a) алынған ескертулерді жинақтауын және қажет болған жағдайда аударуды жүзеге асыруын;
  - (b) талап етілетін жерде одан әрі зерделеу жүргізуін; және
  - (c) жұртшылықтан және қозғалатын Тараптардың құзыретті органдарынан алынған ескертулерді ҚОӘБ жөніндегі түпкілікті құжаттамаға қосуын және бұл ескертулер қалай назарға алынғандығын түсіндіруін қамтамасыз етеді.

*9-бап. Мүдделі Тараптар арасындағы консультациялар*

1. Жоспарланып отырған қызмет бойынша түпкілікті шешім қабылдаудан бұрын қозғалатын Тараптың сұрауы бойынша шығу Тарапы қозғалатын Тараппен, оның ішінде, ықтимал келеңсіз трансшекаралық әсерді төмендету жөнінде консультациялар өткізеді.
2. Мүдделі Тараптар осындай консультациялардың бастапқы сатысында қолайлы уақыт шегінде олардың ұзақтығы туралы мәселені келіседі. Бұл орайда, егер консультацияларды өткізу кезеңінде басқа шешім қабылданбаған болса, оларды өткізу мерзімі 180 күннен аспауға тиіс.

*10-бап. Жоспарланып отырған қызметті іске асыру жөнінде түпкілікті шешім қабылдау*

1. Шығу Тарапының құзыретті органы ҚОӘБ жөніндегі түпкілікті құжаттаманы қарау кезінде және жоспарланып отырған қызмет жөнінде түпкілікті шешім қабылдау кезінде осы Хаттаманың 8-бабына сәйкес алынған ескертулерді назарға алады.
2. Шығу Тарапының құзыретті органы қозғалатын Тараптың құзыретті органына және Хатшылыққа алынған ескертулер қалай ескерілгені туралы ақпаратты қоса алғанда, жоспарланып отырған қызмет жөніндегі түпкілікті шешімді оған негіз болған себептермен және түсініктермен бірге ұсынады.
3. Мүдделі Тараптар жоспарланып отырған қызмет жөніндегі түпкілікті шешім туралы ақпарат пен алынған ескертулер қалай ескерілгені туралы ақпаратқа осы Хаттаманың 8-бабы 3-тармағына сәйкес ескерту бергендерге қол жетімді болуын қамтамасыз етеді.

*11-бап. Жобалаудан кейінгі талдау*

1. Осы Хаттамаға сәйкес қызметке оған қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүзеге асырылып, оның айтарлықтай келеңсіз трансшекаралық ықтимал әсерін ескере отырып, мүдделі Тараптар олардың біреуінің өтініші бойынша жобалаудан кейінгі талдау қандай шамада жүргізілетіндігін, оның ішінде оны жүргізудің орындылығын айқындайды.
2. Жобалаудан кейінгі кез келген талдау:
  - (a) рұқсатта баяндалған немесе осы қызметті бекіту кезінде баяндалған шарттардың сақталуын және әсерді азайту жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылау;

- (b) тиісті басқару деңгейін және белгісіздік жағдайларында іс-қимылға әзірлікті қамтамасыз ету мақсатында әсер түрлерін талдау;
  - (c) алынған тәжірибені болашақта ұқсас қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде пайдалану үшін бұрынғы болжамдарды тексеру мақсаттарына қол жеткізу үшін жүргізіледі.
3. Егер жобалаудан кейінгі талдау жүргізу нәтижесінде Уағдаласушы Тараптарының бірінің айтарлықтай келеңсіз трансшекаралық әсер орын алып отыр деп санауына жеткілікті негізі болса немесе осындай әсерге алып келуі мүмкін факторларды анықтаса, ол бұл туралы басқа Уағдаласушы Тараптар мен Хатшылықты дереу хабардар етеді. Бұл жағдайда мүдделі Тараптар дереу консультациялар өткізеді және әсерді азайту немесе жою мақсатында қажетті шараларды қабылдайды.

*12-бап. Баяндамаларды ұсыну*

Әрбір Уағдаласушы Тарап Хатшылыққа Уағдаласушы Тараптардың конференциясында айқындалғандай нысанда және мерзімділікпен осы Хаттама ережелерінің орындалуы туралы баяндаманы ұсынады.

*13-бап. Ұйымдастырушылық ережелері*

1. Осы Хаттаманың мақсаттары үшін және Конвенцияның 22-бабының 10-тармағына сәйкес Уағдаласушы Тараптардың конференциясы, *өзгелерімен қатар*:
- (a) осы Хаттаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
  - (b) осы Хаттаманы ұдайы шолуды жүзеге асырады;
  - (c) осы Хаттамаға қосымшаларды қарайды және қабылдайды;
  - (d) осы Хаттамаға немесе оның қосымшаларына түзетулерді қарайды және қабылдайды;
  - (e) осы Хаттаманың орындалуына байланысты мәселелер бойынша Хатшылық беретін есептерді қарайды;
  - (f) осы Хаттаманы орындауға қажет болуы мүмкін осындай қосалқы органдарды құрады;
  - (g) қажет болған жағдайда осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін тиісті халықаралық ұйымдар мен ғылыми институттардың техникалық және қаржылай қызмет көрсетуі үшін жүгінеді;
  - (h) осы Хаттаманы орындау үшін талап етілуі мүмкін кез келген қосымша функцияларды жүзеге асырады.
2. Конвенцияның 23-бабының 4-тармағына сәйкес Хатшылық, атап айтқанда:
- (a) Уағдаласушы Тараптарды хабардар ету үшін Уағдаласушы Тараптарға электрондық немесе басқа да қолайлы кез келген түрде байланыс пункттеріне қатысты ақпарат береді;
  - (b) мыналарды:
    - (i) осы Хаттаманың 5-бабының 3-тармағына сәйкес жоспарланған қызметке қатысты хабарламаны;
    - (ii) осы Хаттаманың 7-бабының 3-тармағына сәйкес шығу Тарапы берген ҚОӘБ құжаттамасын; және
    - (iii) осы Хаттаманың 10-бабының 2-тармағына сәйкес алынған ескертулер қандай түрде ескерілгені туралы ақпаратты қоса алғанда, себептерімен және түсініктерімен бірге жоспарланып отырған қызмет бойынша түпкілікті шешімді қоса алғанда, осы Хаттаманы орындау барысында алынған, шығу Тарапы берген ақпаратты алады және электрондық немесе кез келген басқа қолайлы түрде таратады;
  - (c) осы Хаттаманы орындауға байланысты мәселелер бойынша есептерді дайындайды және таратады;
  - (d) Уағдаласушы Тараптардан алынатын мәселелер мен ақпаратты қарайды және олармен осы Хаттаманы орындауға байланысты мәселелер жөнінде консультациялар өткізеді;

- (e) мүмкіндігінше Уағдаласушы Тараптар арасында ақпарат алмасуға жәрдемдеседі және Уағдаласушы Тараптарға осы Хаттаманың ережелерін орындауға көмек көрсетеді; және
- (f) кез келген Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша осы Хаттаманы тиімді орындау үшін техникалық жәрдемдесуді және консультацияларды қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- (g) өңірлік және халықаралық ұйымдармен және бағдарламалармен тиісінше ынтымақтасады; және
- (h) Уағдаласушы Тараптардың конференциясында айқындалуы мүмкін басқа да функцияларды орындайды.

#### *14-бап. Хаттаманы қаржыландыру*

1. Осы Хаттаманың мақсаттарына қол жеткізу үшін Уағдаласушы Тараптар мүмкіндігінше тиісті бағдарламаларды, жобаларды және шараларды әзірлеуді және жүзеге асыруды қаржылай қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Бұл үшін Уағдаласушы Тараптар:
  - (a) осы мақсаттар үшін көзделген ішкі қаржы ресурстарын бөледі;
  - (b) гранттар мен несиелерді қоса алғанда, екіжақты және көпжақты көздердің қаржы ресурстары мен қаржыландыру тетіктерін тартуға жәрдемдеседі; және
  - (c) басқа мемлекеттердің үкіметтік мекемелері, халықаралық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар мен жеке сектор құрылымдары қорларының қаражатын қоса алғанда, ресурстарды тарту және бағыттау үшін инновациялық әдістер мен ынталандыруларды зерделейді.
2. Егер Уағдаласушы Тараптардың конференциясы басқа шешім қабылдамаса, осы Хаттамаға Конвенцияның қаржы қағидасы *mutatis mutandis* қолданылады.
3. Осы Хаттамада қамтылған қызметтің барлық түрі және оларды жүзеге асыру Уағдаласушы Тараптардың бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде, сондай-ақ өздерінің ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылады.

#### *15-бап. Дауларды реттеу*

Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Хаттаманың ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге қатысты кез келген дау Конвенцияның 30-бабына сәйкес реттеледі.

#### *16-бап. Хаттаманы қабылдау және оның күшіне енуі*

1. Осы Хаттама Уағдаласушы Тараптар конференциясының сессиясында Уағдаласушы Тараптардың бірауызды шешімімен қабылданады.
2. Осы Хаттама .....- ..... дейін..... қаласында Каспий маңы мемлекеттерінің ғана қол қоюы үшін ашық.
3. Осы Хаттама Каспий маңы мемлекеттерінің ратификациялауына, қабылдауына немесе бекітуіне жатады және қол қоюға жабылған күнінен бастап, кез келген Каспий маңы мемлекетінің қосылуы үшін ашық болады.
4. Ратификациялау, қабылдау, бекіту немесе осы Хаттамаға қосылу туралы құжаттар Конвенция Депозитарийіне сақтауға тапсырылады.
5. Осы Хаттама Каспий маңы мемлекеттерінің барлығы ратификациялау, қабылдау, бекіту және оған қосылу жөніндегі құжаттарды сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

#### *17-бап. Осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды және оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау*

Уағдаласушы Тараптар осы Хаттамаға түзетулер мен қосымшаларды, сондай-ақ оның қосымшаларына түзетулерді қабылдау туралы ұсыныстар енгізе алады. Мұндай

түзетулер мен қосымшаларды Уағдаласушы Тараптар қабылдайды және олар үшін Конвенцияның 24, 25 және 34-баптарына сәйкес күшіне енеді.

*18-бап. Хаттаманың ұлттық заңнамаға әсері*

Осы Хаттаманың ережелері Уағдаласушы Тараптардың осы Хаттаманы орындау үшін барынша қатаң тиісті ұлттық шаралар қабылдау құқығына әсер етпейді.

*19-бап. Өзге де халықаралық шарттармен байланысы*

Осы Хаттамада ешнәрсе Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттар бойынша олардың құқықтары мен міндеттемелеріне нұқсан келтірмейді.

*20-бап. Ескертулер*

Осы Хаттамаға ешқандай ескертулерге жол берілмейді.

*21-бап. Депозитарий*

Конвенцияның Депозитарийі осы Хаттаманың Депозитарийі болып табылады.

*22-бап. Тең түпнұсқалы мәтіндер*

Осы Хаттаманың қазақ, әзербайжан, орыс, түрікмен, парсы және ағылшын тілдеріндегі мәтіндері тең түпнұсқалы болып табылады. Осы Хаттаманы талқылау немесе қолдану туралы даулар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін пайдаланылады.

*23-бап. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздерге қатысы*

Осы Хаттаманың ешбір ережесі Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі жөніндегі келіссөздердің нәтижесін алдын ала айқындайтындай түсіндірілмейді.

**ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН** тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

201\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қаласында жасалды.

Әзербайжан Республикасы үшін  
Иран Ислам Республикасы үшін  
Қазақстан Республикасы үшін  
Ресей Федерациясы үшін  
Түрікменстан үшін

## I ҚОСЫМША

### Қызмет түрлерінің тізбесі

1. Мұнай өңдеу зауыттары (шикі мұнайдан жағар материалдарын ғана өндіретін кәсіпорындарды қоспағанда) және өнімділігі күніне 500 т немесе одан көп көмірді немесе битуминоздық тақтатастарды газдандыруға және сұйылтуға арналған қондырғылар.

2. Жылу қуаты 300 мегаватт немесе одан жоғары жылу станциялары мен сұйылтуға арналған басқа да қондырғылар, сондай-ақ

